

**СУДЫ ҮНЕМДЕУДІҢ ҰЛТТЫҚ САЯСАТЫ**

6-БЕТ | САРАПТАМА



**САУДА СОҒЫСЫНЫҢ САЛҚЫНЫ**

7-БЕТ | ШАРТАРАП



**АЛАШТЫҢ АЙБОЗ АҚЫНЫ**

8-БЕТ | РУХАНИЯТ

ОЙМАҚТАЙ ОЙ

*Бұл уақыт – жан тыныштық іздейтін, қызық қуатын уақыт емес, қызмет қылатын, еңбек сіңіретін уақыт. Ойланыңыздар: халық біз үшін емес, біз халық үшін туғанбыз, олай болса, мойнымызда халықтың зор борышы, ауыр жүгі жатыр.*

**Жүсіпбек АЙМАУЫТОВ**

№38 (4782)
Бейсенбі
3 сәуір
2025 жыл

# ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



4

# ЭЛЕКТРОБУС ЖҮЙТКИДІ БАС ҚАЛАДА

Қазіргі заманның талабына сай көлік жүйелері тек тасымалдау құралы ғана емес, экология мен қала тұрғындарының өмір сапасына әсер ететін маңызды факторға айналды. Астана көшелерінде жүйткіген электробустар – осындай заманауи шешімнің жарқын үлгісі. Қазіргі таңда елордада 120 электробус тұрғындарға қызмет көрсетіп, қоғамдық көлік саласын жаңа деңгейге көтерді. Бұл да қала тұрғындарының игілігі үшін жасалған маңызды қадам.



## ЖОЛ БЕЛГІЛЕРІ ЖАҢАРТЫЛАДЫ

Елорданың Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы 1 сәуірден бастап қаланың көше-жол желісіндегі жол белгілерін жаңарту бойынша дайындық жұмысына кірісті.

2025 жылы қаланың жалпы ауданы 430 мың $м^2$ болатын 190 көшесінде жол белгілерін қою бойынша жұмыстарды орындау жоспарланып отыр. Жол қауіпсіздігін арттыру мақсатында жүргізілетін жұмыстардың басты бағыты – «балалар қауіпсіздігі» бағдарламасын жүзеге асыру. Бағдарлама мектептер мен балабақшалар маңындағы жаяу жүргіншілер үшін, әсіресе балалар үшін қауіпсіз жағдай жасауды және жол-көлік оқиғаларының алдын алуды көздейді.

## EGOV-та АНЫҚТАЙДЫ

Енді eGov платформасында ЖСН бойынша тіркелген ұялы телефон нөмірлерін тексеруге болады. Бұл жаңалықты Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиев мәлімдеді.

Жаңа қызмет SIM-картаны заңсыз тіркеу жағдайларымен күресуге мүмкіндік береді. ЖСН енгізу арқылы азаматтар өз атына тіркелген ұялы телефон нөмірлерін тексере алады. Егер сәйкессіздік анықталса, пайдаланушы ұялы байланыс операторы арқылы тіркелген нөмірлерді бұғаттауға мүмкіндік алады.




## LRT ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ТЕСТІЛЕУДЕН ӨТТІ

LRT-нің 29 қызметкері 3 наурызда Астанада басталған алғашқы оқыту модулін сәтті аяқтады. Бірінші кезеңде қатысушылар теориялық білім алып, тестілеуден сәтті өтті.

«Қазіргі уақытта олар екінші модульді оқуға кірісті, одан кейін Қытайға барып, практикалық сабақтар мен тағылымдамадан өтеді. 1 қыркүйекке дейін есептелген оқыту бағдарламасы Астана қаласы және Тяньцзинь қаласында (ҚХР) іске асырылады. Оның мақсаты – LRT жүйелерін пайдалану, техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша мамандар даярлау. Сабақтарды Тяньцзинь метрополитені мен Чжэнчжоу теміржол кәсіптік-техникалық университетінің сарапшылары жүргізеді» делінген City Transportation Systems ЖШС хабарламасында.

2024 жылғы қарашадан 2025 жылғы қаңтарға дейін бағдарламаға қатысуға 140 өтінім берілді, оның ішінде 29 үміткер іріктелді. Олардың қатарында Астана қаласының 15 тұрғыны, сондай-ақ Алматы, Тараз, Есіл, Павлодар, Көкшетау, Арқалық, Қарағанды, Екібастұз, Қызылорда және Абай өңірінің өкілдері бар. Білім алушылардың орташа жасы 33 жасты құрайды.



№38 (4782) 03/04/2025 Бейсенбі



# САЛА ЖҰМЫСЫНА СЕРПІН КЕРЕК

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаевты қабылдады. Мемлекет басшысына министрліктің былтырғы атқарған қызметінің қорытындысы мен алдағы кезеңге арналған жоспары баяндалды.

Ерсайын Нағаспаевтың айтуынша, өткен жылы өнеркәсіп саласында негізгі капиталға салынған инвестициялар мен өңделген өнімдер экспорты ең жоғары өсім көрсетті. Биыл осы үрдісті сақтап, өндіріс көлемін арттыру жоспарланып отыр.

Президентке геология және цифрландыру бағыттарындағы жұмыстар жөнінде мәлімет берілді. Атап айтқанда, жер қойнауын пайдаланудың бірыңғай платформасы іске қосылды. Қала құрылысы жобалары цифрлы жүйеге көшірілді. Ауылдарда бірыңғай коммуналдық төлем жобасын енгізу жоспарланып отыр. Жасанды интеллект көмегімен геологиялық білім қорын жасақтау қолға алынды.

Кездесу соңында Президент министрге орташа және терең өңделген өнім көлемін ұлғайту, биыл отандық тауар өндірушілердің бірыңғай реестрін құру, инвестор тарту жұмыстарын жандандыру жөнінде бірқатар тапсырма берді. Мемлекет басшысы жоспарланған тұрғын үйлерді пайдалануға беру, халықты ауызсумен барынша қамтамасыз ету, құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы салаларындағы үдерістерді цифрландыру жұмыстарын белсенді жүргізу маңызды екенін атап өтті. Бұдан бөлек, ведомство басшысына өңдеу өнеркәсібі нысандарын уақытылы іске қосу тапсырылды. Сондай-ақ жер қойнауын пайдалану саласындағы реформаларды мерзімінде әрі сапалы аяқтау міндеті жүктелді.

Қасым-Жомарт Тоқаев отандық тауар өндірушілерді қолдау шараларын қатаң бақылауға алу қажеттігін айрықша атап өтті.

# ЖАҢА МІНДЕТТЕРДІ БЕЛГІЛЕДІ

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында мемлекеттік қызмет көрсету саласын дамыту мен цифрландыру мәселесі қаралды.

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің деректеріне сәйкес, бүгінде Қазақстанда 1382 мемлекеттік қызмет түрі, оның 1265-і электронды форматта (91,5%), ал 117-сі қағаз түрінде көрсетіледі.

Премьер-министр Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2020 жылдан бері мемлекеттік қызмет көрсету үдерісін жеңілдету және бюрократиядан арылту, бірыңғай «Электронды үкімет» жүйесін құру бойынша белсенді жұмыс жүргізіліп жатқанын атап өтті. Онлайн-қызметтердің қолжетімділігі мен ыңғайлылығын арттыруға ерекше назар аударылуда. Бүгінгі таңда жүргізіліп жатқан жұмыстар Қазақстанның цифрлық мемлекеттік қызмет көрсету рейтингінде әлемнің үздік 10 елі қатарына енуіне мүмкіндік берді. Мәселен, проактивті формат, мысалы, бала өмірге келген кезде оған ЖСН автоматты түрде беріледі. Ал туу туралы куәлік SMS арқылы рәсімделсе, жәрдемақылардың барлық түрі әдепкі қалпы бойынша есептеледі. Сондай-ақ банктермен өзара іс-қимылдың оң нәтижелері атап өтілді.

– Жалпы мемлекеттік қызметтердегі бизнес-процестерді оңтайландыруға баса назар аудару керек. Пайдаланушылар өздеріне қажетті қызметтің бәрін ең көп дегенде «екі батырманы басу арқылы» алуы тиіс. Сонымен қатар Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес жасанды интеллектіні белсенді түрде енгізу керек. Бірінші кезекте «электронды үкімет» платформасында осыған басымдық берілуі тиіс. Оны қолдану мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің үздіксіз жұмысын қамтамасыз етуі және халықтың көрсетілетін қызметтерге қол жеткізуін жеңілдетуге ықпал етуі тиіс, – деді Олжас Бектенов.

Премьер-министр «электронды үкіметтің» үздіксіз жұмыс істеуінің маңызын атап өтті, осыған байланысты серверлік жабдықтар мен бағдарламалық қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру бағытында қосымша шаралар қабылдау тапсырылды. Сонымен қатар көрсетілетін онлайн-қызметтерді одан әрі арттыру үшін жоғары жылдамдықты интернеттің жаппай қолжетімді болуын қамтамасыз еткен жөн екені атап өтілді. Бұл тұрғылықты жеріне қарамастан, барлық азаматтардың электрондық мемлекеттік қызметтерді толық алуына мүмкіндік береді. Сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді онлайн форматқа көшіре отырып, мемлекеттік бюджет шығындарын оңтайландыру қажет. Дербес деректерді қорғау мен цифрлық қауіпсіздікке ерекше назар аудару керек.

Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде орталықтандырылған мониторингінің болмауы деректердің таралып кету қаупін арттырып, интернет-алаяқтық жағдайларының көбеюіне әкеп соғады. Олжас Бектенов мемлекеттік органдарға осы жылдың соңына дейін барлық ақпараттық жүйені дербес деректерге қолжетімділікті бақылау қызметіне қосу жұмыстарын аяқтауды тапсырды. Сонымен қатар Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, дербес деректермен жұмыс істейтін мамандардың жауапкершілігін арттыру бойынша тұрақты негізде жұмыс жүргізуі қажет. Осы саладағы бұзушылықтар үшін жазаны күшейтудің маңызы аталып өтті.

Үкімет отырысының қорытындысы бойынша Премьер-министр «Жыл соңына дейін жасанды интеллект элементтерін іске қосу арқылы «электронды үкімет» порталын жаңғырту», «Шалғай елді мекендерді интернетпен қамтамасыз ету» жобаларын уақытылы іске асыру қажет. Барлық ауылдық пошта бөлімшелерінде мемлекеттік қызметтер көрсетуді қаржыландыру мәселесі шешусынды бірқатар тапсырма берді.

# ІРГЕЛІ ЖОБАЛАР ҚАЛАЙ ІСКЕ АСАДЫ?

Мемлекет басшысы Энергетика министрі Ерлан Аққенженовті қабылдады. Қасым-Жомарт Тоқаевқа еліміздегі отын-энергетика кешенінің жай-күйі, негізгі жобаларды іске асыру барысы мен саланы одан әрі дамыту жоспары туралы есеп берілді.

Президентке отандық мұнай өңдеу зауыттарының қалыпты жұмыс істеп тұрғаны жөнінде баяндалды. Биыл мұнай өңдеу көлемін 17,6 миллион тоннаға жеткізу жоспарланып отыр. Сондай-ақ министр Мұнай өңдеу саласын дамытудың 2040 жылға дейінгі тұжырымдамасы әзірленіп жатқанын мәлімдеді.

Ерлан Аққенженов газ өңдіру, Қашаған, Қарашығанақ кен орындарында және Жаңаөзен қаласында жаңа газ өңдеу зауыттарын салу жоспарын таныстырды. «Бейнеу – Бозой – Шымкент» магистральді газ құбырының екінші желісі және «Талдықорған – Үшарал» газ құбырының құрылысы жалғасып жатыр. Қасым-Жомарт Тоқаевқа қуаты 26 гигаваттан асатын жаңа генерациялау кешендерін іске қосу көзделіп отырғаны айтылды. Бұл 2035 жылға қарай ішкі сұранысты өтеу мақсатында қолға алынды.

Кездесу соңында Президент отын-энергетика секторын одан әрі дамыту бойынша бірқатар тапсырма берді. Мемлекет басшысы мұнай-газ, мұнай-газ химиясы және электр энергетикасы салаларында жоспарланған инфрақұрылымдық жобаларды уақытылы әрі сапалы іске асырудың маңызын атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев елдің энергетикалық қауіпсіздігін сақтауға, тұрғындар мен өндірістік нысандарды қуат көзімен тұрақты қамтамасыз етуге баса назар аудару қажет деп санайды. Президент инвестициялық климатты жақсарту үшін кешенді шаралар қабылдау, геологиялық барлауға стратегиялық инвесторларды тарту міндеттерін жүктеді.



# КИБЕРАЛАЯҚТЫҚПЕН КҮРЕС КҮШЕЙЕДІ

Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошанов шұғыл түрде кибералаяқтықпен күресті күшейтетін заң жобасын әзірлеуге тапсырма берді.

Мәжіліс депутаттары интернет-алаяқтықтың елдегі қылмыстардың 99%-ын құрайтынын және азаматтар 12 млрд теңге көлемінде шығынға ұшырағанын атап өтті. Депутаттардың айтуынша, алаяқтық әрекеттердің 80%-ы ашылғанмен, тек 30%-ы ғана қайта қалпына келтірілген қаржыға ие болған. Сонымен қатар депутаттар алаяқтардың әрекетін тоқтату үшін қылмыстық жауапкершілікті күшейтуді ұсынды.

Ерлан Қошанов кибералаяқтыққа қарсы заңды қатайту және тиісті жауапкершілікті арттыру қажет екенін атап өтті. Ол жаңа заң жобасын әзірлеу жұмысын шұғыл түрде бастау керектігін жеткізді.

«Кибералаяқтықпен күресті күшейтіп, қылмыстық жауапкершілікті барынша қатаңдатуға тиіспіз. Сондықтан заңды күшейтпей, халыққа қолайсыздық туғызып отырған алаяқтардың әрекетін тоқтату мүмкін емес. Оны біз дұрыс түсінуіміз керек. Біздің тиісті комитетке шұғыл түрде тиісті заңның жобасын дайындауды тапсырамын. Ол жұмысқа бастама көтерген депутаттар да атсалысады деп ойлаймын» деді Ерлан Қошанов.

# ҚАУІПСІЗДІК ЖАҒДАЙЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

«Өңір» депутаттық тобының отырысында еліміздегі гидротехника құрылыстарын пайдалану мәселелері талқыланды. Су шаруашылығы саласындағы бірқатар нысанның апаттық жағдайы, жергілікті жерлерде хабарландыру жүйесінің болмауы туралы мәселелер көтерілді.

Депутаттық топтың төрағасы Серік Шайдаров еліміздегі су шаруашылығы нысандарының едәуір бөлігі шұғыл күрделі жөндеуді талап ететінін, ал олардың қазіргі жағдайы мыңдаған азаматтың өмірі мен әл-ауқатына қауіп төндіріп отырғанын атап өтті. Ол бөгеттер мен су қоймаларының қауіпсіздігін мемлекеттік бақылауды күшейту қажеттігіне тоқталды.

«Бүгінде Қазақстанда 100-ден астам гидротехника құрылысы бар. Оларды тасқын су бұзып кетсе, зор апатқа ұшыратады және адам өліміне әкелуі мүмкін. Біз оларды сенімді пайдалану мен жаңғыртуды қамтамасыз ету бойынша шұғыл шаралар қабылдауымыз керек» деді Серік Шайдаров.

Отырыс барысында Су ресурстары және Төтенше жағдайлар жөніндегі министрлердің орынбасарлары республикалық және коммуналдық меншіктегі гидротехника құрылыстарының жай-күйіне егжей-тегжейлі талдау жасады. Сондай-ақ ықтимал қауіпті нысандар бойынша жергілікті хабарлау жүйелерін шұғыл іске қосу қажеттігі туралы мәселе көтерілді. Қорытындысында мемлекеттік органдарға авариялық құрылыстарды жаңғыртуды жеделдету, олардың жай-күйіне бақылауды күшейту, сондай-ақ мониторинг пен халықты хабардар етудің заманауи технологиясын енгізу бойынша ұсынымдар әзірленді. Осы мәселелерді шешу жөніндегі бұдан былайғы қадамдар мекемеаралық деңгейде талқыланады.

№38 (4782) 03/04/2025 Бейсенбі

# ШИРЕК ҒАСЫРЛЫҚ БЕЛЕС

«Ауыл» партиясының 25 жылдық белесі» атты партияның Астана филиалы саяси кеңесінің кеңейтілген отырысы өтті. Іс-шараға Астана қалалық Ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрдәулет Әлмұханов және «Ауыл» партиясының мүшелері мен ардагерлері, жастар қанатының өкілдері қатысты.



Шапағат ӘБДІР

Жиналыс барысында қалалық Ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрдәулет Әлмұханов қатысушыларды мерейтоймен құттықтап, партия филиалының төрағасына алғыс хат тапсырды.

– «Ауыл» партиясы ширек ғасыр бойы еліміздің ауыл шаруашылығы мен агроөнеркәсіп кешенін дамытуға, ұлттық құндылықтарды сақтауға және әлеуметтік әділдікті қамтамасыз етуге үлес қосып келеді. Партияның қызметі Қазақстан Республикасының стратегиялық бағыттарымен үйлесім тауып, елдің тұрақты дамуына ықпал етуде. Шын мәнінде, қазіргі жастардың санасында «ауыл көркейсе, ел көркейеді» деген түсінік қалыптастыруымыз керек. Өйткені қазақтың тамыры ауылдан ешқашан үзілмейді. Сондықтан партия құрамындағы жастардың бастамаларына, партияның дамуына, өздеріңіздің бағдарламаларыңызды толықтай жүзеге асыруларыңызға әрқашан сәттілік тілеймін! – деді Нұрдәулет Әлмұханов.

Ал партияның Астана қалалық филиалының төрағасы Мейрамбай Оралов оның ел дамуына қосқан үлесін атап өтті. Сондай-ақ ұлт мүддесіне адал қызмет еткен, ауыл шаруашылығы мен қоғам дамуына сүбелі үлес қосқан партия ардагерлеріне айрықша алғыс айтты.

– Өздеріңізге мәлім, былтыр жазда өткен XXIV съезде «Ауыл» партиясы жаңа саяси бағдарламасын қабылдады. Ол ел ішіндегі және әлемдік экономикадағы өзгерістерді ескере отырып әзірленді. Өткен жылы біздің партияның ребрендингі де өтті. Саяси бағдарламаның атауы – «Ауылды өркендету – елді өркендету». Оның басты мақсаты – ауылдық аумақтардың тұрақты дамуын қамтамасыз ету, адамдардың өмір сапасын жақсарту, аграрлық секторды қолдау және ұлттық мәдени дәстүрлерді сақтау. Қазақстанды күшті аграрлық державаға айналдыру жөніндегі мақсатымыз Мемлекет басшысының 14 наурызда Бурабайда өткен IV Ұлттық құрылтайда айтқан ұлттық мақсатымен үндесіп отыр, – деді филиал төрағасы Мейрамбай Әскербайұлы.

Жиналыста партияның алдағы мақсаттары мен басымдықтары айқындалып, ауылды дамыту, аграрлық секторды қолдау және ұлттық құндылықтарды сақтау бағытында нақты ұсыныстар жасалды. Сондай-ақ алдағы уақытта атқарылатын жұмыс жоспары талқыланды.

# ӘР БАЛА МЕКТЕПКЕ БАРУҒА ЛАЙЫҚ




Дүниежүзілік аутизм туралы ақпарат тарату күніне орай елорданың Өзбекәлі Жәнібеков атындағы №11 мектеп-лицейінде «Аутист балалармен жұмыс барысындағы кешенді тәсілдер» атты жиын өтті. Іс-шарада ерекше білімді қажет ететін балалармен жұмыс істеудің мән-маңызы сөз болды.

Индира БЕРЖАНОВА

Ерекше білімді қажет ететін балалардың қоғамдағы алатын орны туралы ақпараттандыру мақсатындағы жиынға елордалық мәслихат депутаттары Кендебай Адамбеков, Мәдина Әжікенова, Асқар Смағұлов, Қазақстанның халық әртісі Майра Ілиясова, қалалық Әдістемелік орталықтың ерекше білімді қажет ететін бөлім басшысы Салтанат Қасымқанова, «Болашақ» корпоративтік қорының координаторы Самал Әлбілекова, мұғалімдер мен ата-аналар қатысты.

Жиында алғы сөз сөйлеген мәслихат депутаты Кендебай Адамбеков Астана қаласының әкімдігі мен мәслихаты, әсіресе Білім басқармасымен бірлесіп, аутизмге шалдыққан балаларға жағдай жасау мақсатында кешенді іс-шаралар жүргізіліп жатқанын атап өтті.

– Қазіргі таңда бас қалада психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның статистикасына сәйкес, есепте 18 жасқа дейін аутизм спектрі бар бала саны 3609-ға жетіп отыр. Бала саны артып келеді, сондықтан білім беру ұйымдарында бейімделген бағдарлама құру бойынша үнемі әдістемелік қолдау көрсетіліп тұрады. Инклюзивті қолдау кабинеттерінің санын арттыру да – басым бағыттардың бірі. Бүгінде қалада 64 инклюзивті қолдау кабинеттері бар. 2024-2025 оқу жылының басында 25 мектепте осындай кабинеттер ашылды. Сонымен қатар 4 психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті, 2 оңалту орталығы және «Асыл мирас» аутизмі бар балаларды қолдау орталығы жұмыс істейді.

2023-2024 оқу жылынан бастап ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушыларды кәсіптік бағдарлау мақсатында «Менің болашақ мамандығым» атты эксперименттік жоба жүзеге асырылуда. Жоба қаланың әр ауданы бойынша 8 мектепте үйірме түрінде жүргізіліп, 69 баланы қамтыды. Қазір оң нәтижесін көрсетіп жатқаны қуантады. Бағдарламада балалар «тігін ісі», «аспаз ісі» мамандықтары бойынша алғашқы кәсіптік дағдыларды үйренеді. Жалпы бір жылдың ішінде 10 мыңға жуық балаға психологиялық-педагогикалық түзету көмек көрсетіледі, – деді К.Сарыбайұлы.

Ө.Жәнібеков атындағы №11 мектеп-лицейінде арнайы инклюзияны қолдау кабинеті 2020 жылы «Болашақ» корпоративтік қорының қолдауымен ашылған. Кабинет ерекше білімді қажет ететін оқушыларға арналған арнайы үстел, орындық, демалыс орны және өзге де құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген.

Астаналық Әдістемелік орталықтың ерекше білімді қажет ететін бөлім басшысы Салтанат Қасымқанованың сөзінше, жылдан-жылға аутизм спектрінің бұзылуы бар балалар саны артып келеді. Былтырғы оқу жылында 11 оқушы болса, бүгінде 27 ерекше білімді қажет ететін оқушы 2-ауысымда білім алады.

– Аутист балалар басқа да білім алушылармен бірдей мектепте оқуға құқылы. Алайда олар мектепке келгенде бірден сабаққа толық қатысып кете алмайды. Оларға арнайы педагог-ассистент маманның көмегі керек. Аталған лауазым аутист баланың ақыл-ой қабілетіне, даму ерекшелігіне қарай мұғалімнің мектеп бағдарламасы бойынша өткен тақырыптарын баланың игеріп кетуіне көмектеседі. Дегенмен мамандардың мәртебесін арттыру мәселесі өзекті. Педагог-ассистенттерге де өзге пән мұғалімдеріндей көңіл бөлінуі қажет, – деді «Болашақ» корпоративтік қорының координаторы Самал Әлбілекова.

Конференция барысында педагог-ассистент мамандар аутизм спектрінің бұзылуы бар оқушылармен жұмыс істеудегі педагогикалық іс-тәжірибелерімен бөлісіп, ерекше тәсілдер талқыланды.

Астана қаласының ардагерлері Қазақстан Республикасы әділ қоғам құру жолын таңдаған кезден бастап үш жыл өткенін үлкен ықыласпен атап өтті. Отандастарымыздың мемлекеттің қоғамдық-саяси өміріне толық ауқымды қатысуын қоса алғанда, саяси жаңғыртудың кешенді бағдарламасы қабылданды.

# БІРЛІК – ТҰРАҚТЫЛЫҚ КЕПІЛІ

Уақыт өте келе, халқымыз одан да тығыз жиналып, бұрын-соңды болмаған белсенділік пен қажетті іскерлікті көрсетеді деп айтуға болады. Азаматтық белсенділік өзінің оң нәтижесін беретінін атап өтеміз. Өмір сапасы жақсы жаққа өзгеруде, азаматтық қоғам күшейіп, өз ұстанымдарын қорғап, мемлекет заңнамасы шеңберінде алға қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуде.

«Біртұтас ұлт қана жалпымемлекеттік міндеттерді шешу жолында күш біріктіре алады» деді Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде.

Бүгінде республика қоғамды одан әрі саяси жаңғыртуға бағытталған жаңа реформалар жолымен сенімді түрде жүріп жатыр. Қазіргі уақытта біз Әділ Қазақстанның құрылу шыңында тұрмыз. Сондықтан біздің патриоттық және азаматтық парызымыз – осындай асыл мақсат пен сүйікті Отанымыздың болашағы үшін бірігу.

2025 жыл – барлық қазақстандық үшін ерекше жыл. Тарихи даталар – Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығы, Қазақстан халқы ассамблеясының және Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығы, Мемлекеттік егемендіктің 35 жылдығы. Осы мерейтойлық даталардың әрқайсысының өзіндік тарихи шежіресі бар, онда біздің кең республикамыздың керемет жетістіктері алтын әріптермен жазылған. Біздің алғыс жадымыз өткен дәуір мен Қазақстанның жаңа тарихының ең жарқын беттерін ұқыпты сақтайды.

Көптен күткен Ұлы Жеңіс үшін миллиондаған майдангер жас өмірін берді; тыл еңбеккерлері «Барлығы майдан үшін, бәрі жеңіс үшін» ұранымен өмір сүрді. 30 жыл ішінде Қазақстан халқы ассамблеясы біздің қоғамдағы бейбітшілік пен келісім ісіне елеулі үлес қосты. Қазақстан Республикасының жаңартылған Конституциясы – ел азаматтарының құқығы мен демократиялық бостандығының кепілі. Осы тарихи даталардың артында мемлекетіміздің нағыз патриоттары тұр. Бірлік, туған жерге деген сүйіспеншілік және басқа да тұрақты құндылықтар ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келеді.

Астана қаласының ардагерлері сәтті жалғасып жатқан жаңа реформаларды қолдайды.

«Бүгінде біздің алдымызда жүйелі және жан-жақты реформаларды іске асыру бойынша ауқымды міндеттер тұр. Барлық азаматтардың ел тағдыры үшін жауапкершіліктің өз үлесін толық білуі маңызды. Тек бірге ғана біз әділ және үйлесімді қоғам құру жолында табысқа жете аламыз» деді Мемлекет басшысы.

Бүкіл халықтың бірлігі, Әділ Қазақстанның егеменді дамуының инновациялық идеяларына шынайы сенім – қоғамды шоғырландыру және мемлекетті нығайту үшін қуатты іргетас. Соғыс және еңбек ардагерлері, барлық ардагерлермен бірге біз жаңа Әділ Қазақстан құратынымызға нық сенімдіміз!

**Сансызбай ЕСІЛОВ,**
**қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы, Астана қаласының құрметті азаматы**

# АРХИВ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮРЕК ҰСТАДЫ

«Таза Қазақстан» экология акциясының аясында Астана қаласы Мемлекеттік архивінің 70-тен астам қызметкері ұйымның аумағында жалпысенбілікке шықты.

– Қызметкерлеріміз өз ауласын тазарту арқылы қаламызды қоқыстан арылтып, елордамыздың гүлденуіне өз үлесін қосуда. Мұндай іс-шаралар барлық қазақстандықтың тазалық пен тәртіпті сақтауды қалыптастыратыны сөзсіз. Бұдан кейін де біздің ұжым қызметкерлері осындай акцияларға үнемі атсалысып отырады. Мысалы, бұл жолы ауламызға ағаштар отырғыздық. Өйткені ең бірінші тазалық өзіміз үшін қажет. Қаланың көрікті болуы тұрғындардың тазалығына байланысты екенін жастар ұғынуы керек деп есептеймін, – деді Астана қаласы Мемлекеттік архивінің директоры Жанкелді Бимолдин.



№38 (4782) 03/04/2025 Бейсенбі



Шапағат ӘБДІР

# ЭЛЕКТРОБУС ЖҮЙТКИДІ БАС ҚАЛАДА

**Заман күннен-күнге қарыштап дамып келеді. Кешегі желмая мініп, жел қанат жүйрік баптаған қазақтың да тұрмыс-тіршілігі мен өмір сүру салты өзгерді. Көшпенділіктен толықтай қала өміріне ойысып, өркениетті елдермен қатар заман көшіне ілескен қазақтың қалалары да күн сайын жаңғырып, жаңаланып келеді.**

Әрине, қала болғандықтан тұрғындардың өмірін жеңілдететін, қажетті қызметтер мен ресурстарды ұсынатын инфрақұрылым болуы тиіс екенін бәріміз білеміз. Қарапайым мысал ретінде жолдар, көпірлер, қоғамдық көлік жүйесі, су және электр жүйелері, байланыс желілері, ауруханалар, мектептер, мәдениет және спорт нысандарының болуы – қала өмірінің айнымас бір бөлігі. Оның үстіне қазіргі таңда көлік жүйелері тек адамдарды тасымалдап қана қоймай, экология мен қала тұрғындарының өмір сапасына ықпал етеді. Әсіресе электробустар сияқты инновациялық көлік түрлері жаңа деңгейге көтерілді. Электр қуатымен жұмыс істейтін бұл көліктер тек экология жағынан тиімді емес, экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан да үлкен пайда әкелуде. Айталық, электробустардың бірнеше артықшылығы бар. Олар жанармай емес, электр қуатын қолданатындықтан ауаны ластамайды. Бұл қоршаған ортаға пайдалы, әсіресе Астана сияқты үлкен қалаларда ауа сапасын жақсартуға үлкен үлес қосады. Сонымен қатар, ол дәстүрлі автобуспен салыстырғанда әлдеқайда тыныш жұмыс істейді. Олар дыбыс шығару мен тербелістерді азайтады, бұл қала көшелеріндегі шуды төмендетеді және тұрғындарға қолайлы жағдай жасайды. Электр қуатының құны жанармайға қарағанда төмен болғандықтан, ұзақ мерзімде қаржылық тиімділікке әкеледі.

Қазіргі уақытта Астана қаласында 120 электробус жұмыс істеп тұр. Оның ішінде: 2019 жылы Қостанай қаласындағы «Сарыарқа автопром» ірі торапты жинақтау зауытында өндірілген 12 метрлік YtongZK6128BEVG моделінің 100 электробусы, 2023 жылы Сарань қаласындағы «Qaz Tehna» ірі торапты жинақтау зауытында өндірілген 18 метрлік YtongZK6180BEVG модельді 20 электробус. Бұл электробустар Қытайда Ytong зауытында шығарылған. Біз олардың жай-күйімен танысу үшін Тайбурыл көшесі, 46 мекенжайындағы өндіріс базасында орналасқан №1 автобус паркіне барып, зарядтау станцияларын көріп қайттық.

– Жалпы электробустарды пайдалануға көшу – бұл болашаққа жасалған маңызды қадам. Олар экология тұрғысынан таза, тиімді және ұзақ мерзімді пайдалану үшін арналған. Біз әрдайым техникалық қызмет көрсету мен жұмыс процесін оңтайландыруды мақсат етіп, парктің барлық көлігін үздіксіз бақылауда ұстаймыз. Әрбір электробус, оның батареясынан бастап қозғалтқышына дейін, жоғары сапалы компоненттермен жабдықталған, бұл олардың тиімділігін арттырып, ұзақ мерзім жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Сондай-ақ, мұндағы электробустарда литий-ионды аккумуляторлар орнатылған, олар 4-5 сағатта толық зарядталып, 350 шақырымға дейін жүре алады. Ал бір автобустың қалада басатын жолының қашықтығы 250-280 шақырымды құрайды. Сондай-ақ, электробустар түнде зарядталады, бір электробустың зарядталу уақыты 4-5 сағатты құрайды. Қазіргі таңда станцияда жалпы саны 50 зарядтау құрылғысы бар, әрбір станция екі электробусты зарядтауға арналған. Электробустардың техникалық қызметі 20 мың шақырым сайын зауыт өндірушісінің белгілеген регламенті бойынша жүзеге асырылады, – дейді инженер Мирас Аманжолов.

Бұл электроавтобустардың тағы бір тиімділігі қыстыгүні бензин моторлы автобусқа қарағанда оталуы да тез. Өйткені электроавтобустардың жүруіне күннің ыстық-суықтығының мүлдем кері әсері болмайды. Бұдан бөлек, жазғы маусымда ауа райы жағдайына байланысты маршрутта жүріп бара жатқанда кондиционерлер қосылады. Қыстыгүні ол жылу көзі ретінде қолданылады. Бұл аккумулятордың қуатына әсері болғанмен, оның таусылуына әкеп соқпайды.

> Қазіргі уақытта Астана қаласында 120 электробус жұмыс істеп тұр. Оның ішінде: 2019 жылы Қостанай қаласындағы «Сарыарқа автопром» ірі торапты жинақтау зауытында өндірілген 12 метрлік YtongZK6128BEVG моделінің 100 электробусы, 2023 жылы Сарань қаласындағы «Qaz Tehna» ірі торапты жинақтау зауытында өндірілген 18 метрлік YtongZK6180BEVG модельді 20 электробус. Бұл электробустар Қытайда Ytong зауытында шығарылған



Электробустарда литий-ионды аккумуляторлар орнатылған, олар 4-5 сағатта толық зарядталып, 350 шақырымға дейін жүре алады



# КРАН ЖҮРГІЗУШІ КЕЛІНШЕК

**Журналистік жортуылмен жүріп, қай салада болмасын, нәпақасын адал қарманып тапқан еңбек адамдарын жиі жазып келдік. Бірақ соның ішінде жұмысшы әйел қауымы туралы мақала теру тым сирек. Кей-кейде облыстық басылымда жүріп, трактор тізгіндеген немесе көше тазалығына үлес қосқан қыз-келіншектер жайлы болмаса, мұндай еңбек адамының көбі – ер-азаматтар. Ал осы жолы...**

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ

Ержан ҚОЖАС

Рас, тақырыпта айтылғандай, бұған дейін дәл осы жұмысшы мамандықпен (кран жүргізушісі) маңдай терін төккен кейіпкерлерді ғана танитынбыз. Олардың біразы ер адам әрі жердегі көлік крандарын ғана жүргізетін. Ал Астана сынды алып шаһардағы биік үйлердің құрылысына қажетті көтергіш кранды тізгіндегендер нәзік жандар екенін сырттай ғана білдік. Сұхбат құрып, әңгімелесудің де сәті түспепті. Тіпті биіктігі 100 метрден асатын көпқабатты ғимараттың керек-жарағын жоғары-төмен әперетін кранның желді күні әрі екі, бері екі метр шайқалғанда... Әдетте, биіктіктің үрейі бөлек қой. Сол қорқынышқа шыдайтын да осы орамалды ханымдар екенін естігенде таңғалғанымыз өтірік емес.

Біз Астана қаласындағы «Локомотив құрастыру зауыты» АҚ-тың аспалы кран жүргізушісі Фатима Бекетова жайында айтпақпыз. Әу баста еңбек жолын 18 жасында көрші Өзбекстанда бастаған кейіпкеріміз сондағы кен орнында жұмыс істеген. Құрылысшы мамандығымен колледж бітірген ол кран жүргізуді де сол жақта үйреніпті. Яғни қазіргі мамандығының арнайы курсын бірнеше айда ғана түгесіпті. Қазір соның несібесін теріп жүр.

«Локомотив құрастыру зауытына келгеніме 14 жылдан асты. Ал оған дейін Өзбекстанның алтын өндіретін кен орнында, уран шығаратын Степногорск қаласындағы тау-кен химия комбинатында аспалы кран жүргіздім. Көрші мемлекеттегі зауытта жүргенімде жұмысымды ұнатып, ешкім бөле жармады. 2011 жылы Астанаға келіп, жаңадан ашылған осы зауытта еңбек етіп келеміз. Жалпы мамандығым өзіме ұнайды. Биіктіктен қарағанда қазақ жігіттерінің адал жұмыс істеп жүргені, олардың риясыз еңбек еткеніне қарасам сондай сүйкімді көрінеді! Әрі сол көрініс өзіме де керемет көңіл күй сыйлайды» деп бастады ол әңгімесін.



25 жылдан астам жұмыс тәжірибесі бар Фатиманы зауыт басшылығы да құрмет тұтады. Кейде тонналаған ауыр темір не басқа заттарды көтеруде бір кранның күші жетпей жататын көрінеді. Мұндайда өндіріс ішіндегі тағы бір аспалы кранмен бірігіп жұмыс жүргізуге тура келеді. Дұрысы, қос кранның бірігіп көтеруі арқылы ауыр затты орнынан жылжытады. Ал мұндай қауіпті әрекет тек тәжірибелі кран жүргізушілерге ғана сеніп тапсырылмақ.

«Мен осындағы қазақ қыздарына жиі айтамын. «Кран айдауды үйреніңдерші, тіпті өзімақ үйретейінші» деп ақыл қосамын. Өйткені барынша осы мамандықты үйренсе, осы зауыт немесе басқа кәсіпорын болар, әйтеуір жұмыссыз қалмайтыны анық. Жалақысы да жоғары ғой. Бір жылдары біздің зауыт қыздарды арнайы кран жүргізуге оқытып, ал олардың тәжірибеден өтуіне өзім көмектесkenмін. Тіпті кәсіпорындағы еден жуушы қыз-келіншектерді де үгіттеп, осы салаға келуге септігім тиген уақыттар да болды» деп ағынан жарылды Фатима.

Өз жұмысында тазалық, әділдік, қамқорлық дейтін ұстанымды өмірлік әдет қылған кран жүргізуші келіншек елде ірі кәсіпорындардың көбейгенін қалайды. «Олай болған жағдайда жұмыс күші көбейіп, халық жағдайының артатыны белгілі ғой» дейді ол.

«Біздің зауыт барынша өз жұмысшыларын қолдап келеді. Айлық жалақысы да тұрақты. Дәл осындай өндіріс орындары елдің түкпір-түкпірінде ашылса деген тілек барлық азаматтың ойында тұр. Бір қуанатыным, қазір бізде жастар көбейіп келеді. Кейде еш мамандықсыз құрылыс алаңында қара жұмыс істеп жүрген қазақ жігіттерін уайымдап кетемін. Үлкен қалада жеңілдеу жұмыс қарастырайын десе, ауылдан келген ұлдың тіл білмеу жағынан кедергіге ұшырайтыны тағы бар. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлының «Жұмысшы мамандықтары жылын» жариялауы үлкен үміт сыйлап тұр. Қазірдің өзінде жастарды техникалық мамандықтарға оқыту жұмысы басталғандай. Ал техника тіл сұрамайды ғой. Барынша меңгерсең, одан өмірлік азығыңды табасың, отбасыңды асырайсың» деп сөзін қорытты ол.

Фатиманың айтуынша, кез келген мамандық – өнер. Тек сен үйренуден қашпасаң болғаны. Осылай деген ол кранын басқарып, тағы бір тепловоздың ауыр жабдығын тиісті жерге көтеріп беріп жатты.

**Юсуп КЕЛИГОВ,** ҚХА мүшесі, кәсіби этномедиатор:

# БІРЛІК – БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ

Қоғамдық дипломатия институты 1995 жылы 1 наурызда құрылды. Бұл дата кейіннен Алғыс айту күні болып жарияланды. Және бұл кездейсоқтық емес. Өйткені «алғыс» «айту» сөзі Қазақстанның көптеген этностарын біріктіретін ҚХА қызметінің мәнін өте дәл көрсетеді. Онда құрмет пен өзара көмекке негізделген орасан зор жасампаздық пен даму энергиясын алып жүретін қасиетті мағына бар.



Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXIII сессиясында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, «өзара сыйластық пен достық біздің әрқашан қастерлеуге тиіс мұрамыз болды және солай болып қала береді».

Еліміздің көп этносты құрамы әртүрлі тарихи, кейде қайғылы жағдайларға байланысты қалыптасты. Бір тағдыр тоғысқан халық талай сынақтардан өтті: ашаршылық, соғыс және Одақ ыдырағаннан кейінгі тәуелсіз мемлекет құру жолындағы қиыншылықтар. Осының аясында бізде ұлтаралық алауыздық болады деп болжанған. Бірақ дәл көп ұлттылық пен көптілділік біздің ел қызығар артықшылығымыз болды.

2024 жылғы ҚХА сессиясында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ассамблеяның қайырымдылық және волонтерлік ресурстарды жұмылдыру мүмкіндігін атап өтті. Бұл, Мемлекет басшысы атап өткендей, «ҚХА-ның көп жылғы жүйелі жұмысының нәтижесі». Ассамблея жыл сайын «Қайырымдылық керуені» республикалық форумын, «Мектепке жол» акциясын және басқа да қайырымдылық шараларын өткізеді.

Ассамблея декоративтік ұйым емес екенін іс жүзінде тағы бір дәлелдеді. Президенттің айтуынша, ол – «ұлтымыздың бірлігі мен ынтымағы құндылықтарының тиімді жүргізушісі».

Оның аясында құрылған қоғамдық институттар – аналар, ақсақалдар кеңестері, этномедиация, сондай-ақ этномәдени бірлестіктер мен «Жастар ассамблеясы» жастар қанаты халықпен ауқымды жұмыс жүргізіп, қоғамды толғандырған мәселелерді алқалы түрде талқылауда.

Халық дипломатиясы институтымен бірге біздің «Вайнах» Қазақстан шешендері мен ингуштар қауымдастығы да достықты, бірлік пен келісімді нығайтуға зор үлес қосып, өзінің отыз жылдығын атап өтуде.

Ендеше, бүгінде біз бір шаңырақтың астында 80 жылдан астам өмір сүрген Қазақстанның «вайнахтарымыз» деп айта аламыз. Алғыс айту күні біз 1944 жылғы қиын-қыстау кезеңді есте сақтаймыз, ол адам сенгісіз қиындықтарға қарамастан бізді нығайтып, біріктірді.

Мұқтаж жандарға көмек көрсету, қолдау көрсету – бізде генетикалық деңгейде қалыптасқан дәстүр. Сол оқиғалардың куәгерлерінің өмірді растайтын оқиғалары ең жоғары гуманизмге, қайшылықтарға қарамастан аман қалған адамдардың мейірімділігіне және бірлігіне толы.

Кейіннен қоныс аударғандардың көбі туған жерлеріне оралды, бірақ дала кеңістігіне үйір болып, осы жерден отбасын тауып, Қазақстанға жұмыс істеу үшін қалғандар да болды.

Ұлтаралық келісім саясатының арқасында олардың көпшілігі өз таланттары мен қабілеттерін толық жүзеге асырды. Олар көрнекті қоғам қайраткерлері, кәсіпкерлер, ғалымдар, мұғалімдер, дәрігерлер, мәдениет және спорт қайраткерлері болды.

Ресей Федерациясының белгілі қоғам қайраткері, Ингушетия Республикасының бұрынғы президенті, қазіргі уақытта ҚХА Достық елшісі, Кеңес Одағының Батыры Руслан Аушев қазақ топырағында дүниеге келген. Тағы бір бауырымыз Сұлтан Байсұлтанов (далла гешт долд цуна) Қызылорда облысында дүниеге келіп, опера әншісі, Қазақстанның және Шешен-Ингуш АССР-інің халық әртісі атанды.

Геология-минералогия ғылымының дамуына қазақстандық ғалым, академик Сұлтан Оздоевтың қосқан үлесі зор. Монографиялар мен оқулықтардың авторы, заң ғылымдарының докторы Исидор Борчашвили заңгер ғалымдар арасында үлкен құрметке ие. Біз медицина ғылымдарының кандидаты Макшәріп Мартазановты, профессор, «Астана медицина университеті» ҰҒА қалыпты физиология кафедрасының меңгерушісі Курейш Хамчиевті, сондай-ақ уролог-андролог, урология бөлімінің меңгерушісі Магомед Тангиевті мақтан тұтамыз. Олардың барлығы денсаулық сақтау саласында еңбек етеді.

«Вайнах» қауымдастығының жас өкілдері де этномәдени бірлестіктердің құрамында «Елтану», «Шаңырақ», «Бірлік», «Тәрбие», «Білім», «Келісім», «Мың бала» және т.б. қоғамдық жобаларын жүзеге асыруға белсене атсалысуда.

«Вайнах» қауымдастығының жас өкілдері де этномәдени бірлестіктердің құрамында «Елтану», «Шаңырақ», «Бірлік», «Тәрбие», «Білім», «Келісім», «Мың бала» және т.б. қоғамдық жобаларын жүзеге асыруға белсене атсалысуда.

Альцгеймер ауруын ерте анықтауға арналған виртуалды клиниканың атқарушы директоры Юсуп Тумгоев ғылымда жетістіктерге жетуде. Ислам Мамилов, Тамирлан Гайтамиров сынды танымал спортшылар да Қазақстанның абыройын асқақтатып жүр. Ондаған спорт шеберлерін ізгі ниет ойындарының жеңімпазы, КСРО және Еуропаның бірнеше дүркін чемпионы, Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы Әли Хамхоев дайындады. Жақында Парижде өткен Олимпиадада спортшылар галактикасын дайындауға кәсіби қатысуының арқасында Қазақстан дзюдодан тарихи алтынды жеңіп алды.

Республикалық қауымдастық «Вайнах» шешен-ингуш ансамблін құруға өлшеусіз үлес қосқан «Беркат» консорциумының басқарма төрағасы Сайфутдин Хамхоевқа алғысын білдіреді.

Бүгінде бұл шығармашылық топ халықтық мәртебеге ие болды. Астана қаласының Вайнахтары этномәдени бірлестігінің қолдауымен және Ханифа Мациеваның жетекшілігімен топ бірнеше рет түрлі халықаралық және республикалық байқаулардың лауреаты атанды. Бұл би ұжымының өнерін жұртшылық әрқашан жылы қабылдап отырады.

Осындай шығармашылық бірлестіктер этномәдени орталықтарының жетекшілері мен басқарма мүшелерінің қолдауымен облыстар мен республикалық маңызы бар қалаларда да құрылды. Бұл шағын жиындарға шешен, ингуш, қазақ, түрік, күрд, кәріс, неміс, дүнген, өзбек және тағы басқа ұлт өкілдерінің қатысуымен де ерекше.

Сондай-ақ балалар мемлекеттік тіл мен Қазақстан тарихымен қатар ана тілін оқып, вайнахтардың және басқа да этностардың мәдениеті мен дәстүрлерімен танысатын жексенбілік мектептер бар.

Бұл – барған сайын сенімділікке ие болу үшін тамаша мүмкіндік. Астана халықаралық этникалық көшбасшылар ұйымы мен Ханифа Мациевтің шәкірттері – Дүниежүзілік азық-түлік бағдарламасы мен Республикалық жастар форумының жеңімпаздары қатарында. Бұл – қазақстандықтар үшін үлкен қуаныш.

Құрылыс саласы мен ауыл шаруашылығы саласының өкілдері, «Пахарь» шаруа қожалығының басшылары Микаил Аушев, «Беркат» консорциумы Салман Хамхоев, «Каззернопродукт» Эльбрус Тимаев, «Сандықтау-Астық» Адлан Дакаев, «ҚазГерҚұс» «Стальной двор Астана» Аслан Цицкиев, кәсіпкерлер Ибрагим Кукаев, Магомед Албаков, Султан Газдиев, Ахмед Мациев және т.б. кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және құрылыс салаларында мыңнан астам жұмыс орындарының ашылуымен қатар көптеген этномәдени бірлестіктерді басқарып, мәдениет, спорт және әлеуметтік саланың дамуына ықпал етуде. Осы үшін мен оларға алғыс пен шынайы алғысымды білдіргім келеді.

Жоғарыда аталған тұлғалардың табыстары мен жетістіктері – ұлтаралық интеграцияның айқын көрінісі, адамды ұлтына қарай емес, кәсіпқойлығына, ісі мен іс-әрекетіне қарай бағалайтын қоғамдағы азаматтарға тең мүмкіндіктер қағидасы. Ал менің жолым – осының дәлелі. Қарапайым жұмысшыдан бастап, кәсіпорындардың меңгерушісі, мәслихат депутаты болдым. Бірақ мен өмірбаянымдағы ең жарқын және жауапты сәт Қазақстан халқы Ассамблеясына мүше болуым деп есептеймін, сол кезде әріптестерім маған Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары болуды сеніп тапсырды. Өйткені бұл – миссияның халықты біріктіру және біріктіру, бейбітшілік, ізгілік және жасампаздық идеяларын насихаттаудың маңыздылығын түсіну болды.

Біз экономиканы, әлеуметтік саланы және адамдар арасындағы қарым-қатынасты жылдам өзгертетін технологиялар ғасырында өмір сүріп жатырмыз. Ал әлемнің осынау ең қуатты өзгерісінде ең басты, іргелі құндылық – қоғам бірлігі мен ұлтаралық келісім.

Әрине, цифрлық коммуникациялар арқылы ұлтаралық және діни араздықты қоздырып, адамдар арасындағы араздық отын тұтандыру әрекеттері бар. Бірақ талай сынақтардан өткен қоғамымызда төзімділік пен парасаттылық қашанда жеңетініне өмір көз жеткізді.

Ұлттық келісім мен ұлтаралық бірліктің қазақстандық үлгісі біз достығымыздың «құпияларын» бөлісетін шетелдік қонақтарды қызықтыруы кездейсоқ емес. Біздің қауымдастық азаматтық ұстанымдарға, ортақ тарихи тағдырға және қазақ халқының негізгі мәдени-тарихи рөліне негізделген.

Оның бірегейлігі этностардың мәдениеттері мен озық дәстүрлерінің үздіксіз дамуында, өзара енуінде, өзара баюында, ана тілін үйренуге, ұлттық бояу мен болмысын сақтауға мүмкіндік беруінде. Біздің бірлік пен келісім үлгісін Біріккен Ұлттар Ұйымы да мойындады.

Біз Әділ Қазақстан құру бағытын белгіледік және бұл міндетті тек бірлік тұғырнамасында ғана табысты жүзеге асыруға болады. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХА отырыстарында, Ұлттық Құрылтай отырыстарында және басқа да алаңдар мен форумдарда дәстүрлі құндылықтарды сақтаудың маңыздылығын және мемлекет іргетасына нұқсан келтіріп, қоғамымызды бөлшектеуге бағытталған әрекеттерге қарсы тұра білу қажеттігін үнемі атап өтеді. Бұл ретте біз бейбітшілік пен келісім идеяларын белсенді түрде насихаттай отырып, оны толығымен қолдаймыз. Бізде мақтанатын және мақтанатын нәрсе бар. Ол – мызғымас бірлігіміз!

Бетті дайындаған **Айгүл УАЙС**

# ТАТУЛЫҚ ПЕН ЫНТЫМАҚТЫҢ ОРДАСЫ

Астанадағы Б.Момышұлы даңғылында орналасқан Достық үйі осыдан алты жыл бұрын ашылған еді. Әсем ғимарат 2018 жылы қаланың 20 жылдығына орай Маңғыстау облысының сый тартуы болатын. Сол уақыттан бері барлық этнос өкілдерін біріктіретін ортақ үйде қазіргі кезде 20-дан астам этнобірлестік бар.





Сондай-ақ 11 Жастар қанаты, Ғылыми-сараптамалық топ, Ақсақалдар кеңесі, Аналар кеңесі, «Ассамблея жастары» ұйымының қалалық штабы, «Жыр орталығы», «Парасат» қайырымдылық қызметін үйлестіру орталығы, «Аналар аманаты» қолөнер шығармашылық орталығы, «Мәміле» қазақ тілі клубы жұмыс істейді. Оған қоса, мұнда 50-ден астам шығармашылық ұжым қызмет етеді. Достық үйінің ғимаратында тұрақты түрде мерекелік қабылдаулар, кездесулер өткізіліп тұрады.

Заңнамаға сәйкес еліміздегі барлық Достық үйлеріндей, мұнда да ауқымды жұмыстар жоспарланған. Оған Ассамблея қызметіне қатысты қоғамдық келісім кеңестерінің, ғылыми-сараптамалық топтың және басқа да құрылымдардың жұмысын ұйымдастыру кіреді. Этномәдени бірлестіктерге қолдау көрсету, еліміздегі барлық этникалық қауымдастықтар мен топтардың қоғамдық өмірдің барлық салаларына толық қатысуын бақылау. Этносаралық және конфессияаралық келісім мен ынтымақтастық, рухани бірлік пен патриотизм идеяларын қалыптастыру және тарату сияқты жұмыстар қарастырылған.

Елордадағы барлық этностардың тарихи, мәдени және рухани мұраларын сақтау үшін үйірмелер, секциялар, орталықтар құру, олардың арасында төзімділік пен өзара құрмет ахуалын қалыптастыру да осы үйдің басты міндеттеріне кіреді.

Қазақстан өңірлерінде тұратын этникалық топтардың үздік дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын қайта құру және насихаттау, оларды жас ұрпақты тәрбиелеу процесінде пайдалану, құндылықтар мен бүкіл Қазақстан халқының ортақ тарихи өткендігі негізінде өзін-өзі тануға ықпал ету бойынша семинарлар, конкурстар, акциялар, ғылыми жобалар өткізу арқылы этностар татулығы артады.

Жергілікті және республикалық ұйымдар мен мекемелерде тренингтер мен біліктілікті арттыру, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың тренингтері мен семинарларына қатысу арқылы Достық үйлері мамандарын даярлау және қайта даярлау – бұл да басты міндет.

Аталған міндеттер ойдағыдай атқарылып келеді. Достық үйінің бірінші қабатында мәжіліс залы, би залы, студия, кітапхана, медиация кабинеті, екінші қабатта конференция залы мен этномәдени бірлестіктерге арналған кабинеттер бар. Ал конференция залында күнделікті әртүрлі тақырыпта жиындар мен дөңгелек үстелдер ұйымдастырылады.

Ал әр этномәдени бірлестіктердің бөлмелері сол елдің тарихы мен мәдениетінен және салт-дәстүрінен сыр шертеді. Қолөнер туындылары да осында қойылған. Мұнда келушілер кез келген ұлттың мәдениетімен осылайша таныса алады. Әр ұлттың ұлттық биі мен ана тілінен сабақтар өткізуге жағдай жасалған.

Аналар кеңесінде тегін қызмет көрсететін клубтар жұмыс істейді. Олардың қатарында «Қазақ салт-дәстүрінің қолөнері», тоғызқұмалақ ойынына үйрету, ат спорты клубтары бар. Ғимараттың ішінде АНК Live тікелей эфир студиясы бар. Соңғы техникамен жабдықталған студияға онлайн-брифингтер өтеді.

Бүгінде барлық ұлт пен ұлыс өкілі бір шаңырақтың астында татулықта өмір сүріп келеді. Олар қаладағы Достық үйінде әр мейрамда бір-бірімен қоян-қолтық араласып, ауызбіршілікте ұлттар достығын паш етіп жатыр.

**Жуырда Су ресурстары және ирригация министрлігі Парламент мақұлдаған жаңа Су кодексі Мемлекет басшысына қол қоюға жіберілетінін хабарлады. Бұл жаңалыққа елеңдеген жандардың аз болғаны анық. Күнде өзгеріп-түзетіліп жатқан заңдардың бірі шығар дегендей немқұрайдылық танытатындар да бар. Алайда бұл жаңа Су кодексі бұрынғыдан өзгерек. Өйткені ел экономикасы тұрақты даму үшін, қарапайым азаматтардың өмір сүру жағдайын жақсарту үшін су мәселесі шешімін таппаса, бәрі сөз жүзінде болып қалады. Заң жобасын әзірлеушілер жаңа құжатта климаттың өзгеруіне бейімделуге және суды үнемдеу принциптерін енгізуге баса назар аударғанын айтуға тиіспіз. Алғаш рет жерасты және жерүсті суларын кешенді пайдалану қағидаты енгізілді, бұл еліміздегі су нысандарын біртұтас жүйе ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Енді осы тақырыпқа шағын сараптамалық шолу жасайық.**



ҚАЛА БАСШЫСЫ ЕЛОРДАДА ҚАЗІРГІ УАҚЫТТА ТӘУЛІГІНЕ 95 МЫҢ ТЕКШЕ МЕТР АРТЫҚ СУ БАР ЕКЕНІН ТІЛГЕ ТИЕК ЕТТІ. СОНДАЙ-АҚ, ӘКІМ ЖАҢА СУ ҚҰБЫРЛАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ ЖҮРГІЗІЛІП ЖАТҚАНЫН, БҰЛ СУДЫҢ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІН АРТТЫРАТЫНЫН МӘЛІМ ЕТТІ

# СУДЫ ҮНЕМДЕУДІҢ ҰЛТТЫҚ САЯСАТЫ

Төлен
ТІЛЕУБАЙ

### СЕНАТОРЛАР ҚАНДАЙ ТҮЗЕТУ ЕНГІЗДІ?

Биыл 20 наурызда Сенат «Қазақстан Республикасының Су кодексі» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне су қорын қорғау және пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының кодексіне су қорын қорғау және пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы», сондай-ақ, «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне су қорын қорғау және пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ілеспе заңдарды екі оқылымда қарады. Аталған кодекс пен заңдар елдің су ресурстарын тиімді пайдалануға, қорғауға және тазартуға бағытталған.

«Су ресурстарын тиімді басқару – еліміз үшін өзекті мәселенің бірі. Бұл сала мемлекеттің орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуына, азық-түлік және энергетика қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тікелей әсер етеді. Осыған орай, Мемлекет басшысы су ресурстары саласындағы заңнамалық базаны түбегейлі қайта қарау және институционалдық ортаны жетілдіру жөнінде нақты тапсырмалар берді. Қаралған Су кодексі және оған ілеспе заңдар осы тапсырмаларды орындау мақсатымен әзірленді» деді отырыста Палата төрағасы Мәулен Әшімбаев.

Сенаторлар қараған заңдар азаматтарды ауыз сумен үздіксіз қамтамасыз ету үшін халықтың тіршілігін қамтамасыз ету нысандары – иесіз су шаруашылығы құрылысжайларын сот оларды коммуналдық меншікке түскен деп танығанға дейін уақытша пайдалануды көздейді. Сонымен қатар су тасқыны, құрғақшылық және олардың теріс әсерінің алдын алумен қоса, ел экономикасының су секторын климаттың өзгеруіне бейімдеу жөніндегі норма енгізілді.

«Үкімет су қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі мақсаттарды, міндеттер мен тәсілдерді айқындайтын ұзақмерзімді арнайы интеграцияланған бас жоспар қабылдайды. Заңдарда салаға жаңа технологиялар мен цифрландыруды енгізуді ынталандыруға арналған ережелер топтамасы да бар. Заңдарды қарау барысында сенаторлар бірқатар ұсыныс айтты. Сол арқылы суды пайдалану талаптарының сақталуын мемлекеттік бақылау, осы саладағы рұқсат беру ережелері және кейбір мемлекеттік органдардың өкілеті нақтыланды. Алдағы уақытта жаңа кодекс су ресурстарын тиімді пайдалануға, сондай-ақ, жан-жақты ойластырылған су саясатын жүргізуге мүмкіндік береді деп сенеміз» деді Мәулен Әшімбаев.

Заңдарды талқылау нәтижесінде сенаторлар «Қазақстан Республикасының Су кодексін» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне су қорын қорғау және пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ілеспе заңды концептуалды тұрғыда мақұлдап, оларға бірқатар түзету енгізді және Мәжіліске қайтарды. Нақты айтқанда, Сенат депутаттары қолданыстағы заңнаманы жаңа Су кодексінің нормаларымен сәйкестендіруге және су ресурстарын қорғау мен пайдалану саласындағы қатынастарды құқықтық реттеуді жетілдіруге қатысты ұсыныстар енгізді. Осыған байланысты бірқатар заң мен кодекске өзгертулер мен толықтырулар енгізіледі.

### ЖАҢА КОДЕКСТЕГІ 5 ҚАҒИДАТ

Су ресурстары және ирригация министрлігі жаңа кодексті 5 негізгі қағидат бойынша даййындаған. Бұл: суды қоршаған ортаның ажырамас бөлігі, азаматтардың тіршілік әрекеті мен экономика дамуының негізі ретінде тану, су қорын қорғау және оның сарқылуының алдын алу, жерүсті және жерасты суларын кешенді пайдалану, су үнемдеу технологияларын енгізу және климаттың өзгеруіне бейімделу, жұртшылықты су қорын қорғау және пайдалану жөніндегі міндеттерді шешуге тарту.

Жаңа кодексте алғаш рет «су қауіпсіздігі» деген ұғым енгізілді. Ол азаматтар мен ел экономикасын су тапшылығынан, ал су нысандарын ластанудан қорғау, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының трансшекаралық су нысандарын қорғау және пайдалану бағытындағы мүддесін қорғауды қамтиды. Су көздері сарқылуының алдын алу үшін өзен-көлдер және теңіздердің экожүйесін қолдау мақсатында судың ең төменгі рұқсат етілген деңгейі айқындалған «экологиялық ағын» ұғымы енгізілді.

Тағы бір жаңалық – су нысандарын қорғау бойынша талаптар кеңейтілді. Ең алдымен, шағын өзендер мен көлдерді сақтауға назар аударылады. Атап айтқанда, шағын өзендерде су өткізбейтін бөгеттер салуға тыйым салынады. Сулы-батпақты жерлер мен мұздықтарды қорғаудың ерекше режимі қарастырылған. Ал жергілікті атқарушы органдар екі жыл ішінде барлық елді мекендегі су қорғау аймақтары мен белдеулерін айқындайды.

Сондай-ақ, жаңа кодекске сәйкес, құзырлы органдар су ресурстарын басқарудың бас жоспарын және бассейндік жоспарларын дайындайды. Бұл құжаттар су ресурстарының көлемі туралы болжамдарға сүйене отырып негізгі мақсат-міндеттерді, тәсілдерді және іс-шараларды анықтайды. Осы жоспарлардың қорытындысы мен ұсыныстары мемлекеттік жоспарлау кезінде ескерілуі тиіс.

Бұдан бөлек, жаңа Су кодексінің жобасы су тасқыны мен құрғақшылыққа қарсы күрес кезінде мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың өкілетін нақты ажыратуды көздейді. Атап айтқанда, Су ресурстары және ирригация министрлігі бассейндік су инспекциялары арқылы тасқын суды өткізу-қабылдау кезінде гидротехника құрылыстарының жай-күйі мен жұмыс режимін бақылайды. Сонымен қатар министрлік тасқынды су айдындарына жіберуді қамтамасыз етуі тиіс.

Төтенше жағдайлар министрлігі су тасқыны мен су тасқынынан туындаған төтенше жағдайлардың алдын алу және салдарын жою жұмысын жүзеге асырады. Жергілікті атқарушы органдар тасқын және еріген қар суының алдын алу және одан қорғауға бағытталған іс-шараларды іске асырады. Елді мекендерді, өнеркәсіп объектілерін, ауыл шаруашылығы алқаптарын және көлік инфрақұрылымын тасқын және еріген қар суынан қорғау үшін жерүсті су нысандарына санация (тазарту және тереңдету) жүргізеді.

Су ресурстары бойынша ақпараттың ашықтығын қамтамасыз ету үшін жыл сайын Ұлттық ақпараттық есеп жарияланады. Құжатта еліміздегі су ресурстарының жай-күйі, қорғалуы және пайдаланылуы туралы мәлімет болады. Су саласын цифрландыру үшін Ұлттық ақпараттық жүйе жасалады, оның жұмысын өткен жылы құрылған Су ресурстарының ақпарат-талдау орталығы қамтамасыз етеді. Бұдан бөлек, қолданыстағы редакцияда қарастырылмаған, су үнемдеуді ынталандыру тетіктері енгізілді. Мысалы, айналымдағы немесе қайта сумен жабдықтауға кезең-кезеңімен көшу жоспары болған кезде ғана су пайдалануға рұқсат беріледі. Ал оған ауысуға 5 жыл уақыт беріледі. Жоспар жаңа Су кодексі қолданысқа енгізілген күннен бастап 2 жыл мерзімде әзірленуі тиіс.

Жаңа құжаттың тағы бір ерекшелігі – гидротехника құрылыстарының қауіпсіздігі мәселесін жеке тарауға шығару. Онда гидротехника құрылыстарының тізілімін қалыптастыру және жүргізу, оларды пайдалану, сондай-ақ, қауіпсіздік декларацияларын әзірлей отырып, көп факторлы тексеріс жүргізу мәселелері жүйеленген. Сондай-ақ, гидротехника құрылыстарының қауіпсіздік регламентін әзірлеу қарастырылып отыр. Жаңа Су кодексінде су ресурстарын қорғау және пайдалану саласындағы қоғамдық бақылауға көп көңіл бөлінеді.

Сонымен қатар бассейндік кеңестердің рөлі күшейтілді. Олардың ұсынымдары мен шешімдері бассейндік, аумақтық, салалық және бас жоспарды, даму бағдарламаларын әзірлеу кезінде және суды пайдалану лимиттерін айқындау кезінде ескеріледі. Судың «қара нарығымен» тиімді күресу үшін бассейндік су инспекцияларының мемлекеттік бақылау функциялары күшейтілді. Оларға жедел ден қою шараларын қабылдау үшін қадағалау функциялары беріледі. Сондай-ақ, жергілікті атқарушы органдардың су қорын қорғау және пайдалану саласында оларға жүктелген функциялардың сақталуына мемлекеттік бақылау жүргізіледі.

Бұдан бөлек, Парламент Мәжілісінің депутаттары Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске, Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы кодекске түзетулер енгізуге бастамашылық жасады. Атап айтқанда, суды заңсыз пайдалану үшін жауапкершілікті қатаңдату «гидротехника құрылыстарын пайдалану қауіпсіздігін бұзу» атты жаңа бапты енгізу, Арал теңізі аумағында қазбаларды өндіруге тыйым салу және жерасты су ресурстарын тиімді басқару үшін Су ресурстары және ирригация министрлігіне бірқатар функцияны беру ұсынылды.

### БАРЛЫҚ БАҒЫТТЫ ҚАМТЫҒАН

«Жаңа Су кодексінің негізгі міндеттері – су үнемдеудің жалпыұлттық саясатын қалыптастыру және дамыту, ғылымды дамыту және ғылыми тәсілдерді пайдалану, елді мекендерде сумен жабдықтау мен су бұруды реттеу, тазартылған сарқынды суларды қайта пайдалану, сондай-ақ, су ресурстарын қорғау және пайдалану саласында тиімділікті арттыру. Құжат Қазақстанның су саласының барлық бағытын қамтиды» деп түсіндірді құжаттағы жаңашылдықтарды Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов.

Оның айтуынша, жаңа Су кодексі – бұл су саласының негізгі жүйесі болатын іргелі құжат.

«Құжат бөлігі көпшілікке әрдайым қызық бола бермейтінін түсінеміз, бірақ бұл кодекстің негізі Қазақстанның су заңнамасын өзектендіруге мүмкіндік беретіндей етіп әзірленді. Кодекс, шынымен, тиімді болуы үшін басқа құжаттарға да өзгерістер енгізіледі. Бұл ретте түзетулер ауыл шаруашылығынан бастап қоршаған ортаны қорғау мен электр энергетикасына дейінгі барлық мүмкін бағытты қамтиды» деді ол.

### АСТАНАДА СУ ТАПШЫЛЫҒЫ ҚАЙТАЛАНБАЙДЫ

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек өткен жылы мұғалімдердің тамыз форумында қаладағы су тапшылығы қаупі туралы мәселеге қатысты пікірін айтты. Қала басшысы елордада қазіргі уақытта тәулігіне 95 мың текше метр артық су бар екенін тілге тиек етті. Сондай-ақ, әкім жаңа су құбырларының құрылысы жүргізіліп жатқанын, бұл судың қолжетімділігін арттыратынын мәлім етті.

«Қазіргі уақытта мұндай мәселе жоқ. Бүгінгі таңда бізде тәулігіне 95 мың текше метр ауыз су артық болып тұр. Бұл тіпті қала мен халық санының қазіргі өсу қарқынын ескерсек, алдағы 4-5 жылдағы профицит» деп түсіндірді ол.

# САУДА СОҒЫСЫНЫҢ САЛҚЫНЫ ЖӘНЕ ГЕОСАЯСИ ДАҒДАРЫС

Әлемде халықаралық жағдай соңғы кездері қырық құбылып тұр. Әлемнің қожасы саналатын АҚШ-тың демократиядан гөрі экономикаға ден қойып, «Америка бірінші саясатын ұстануы», Ресеймен тіл табысып, Қытайға сауда соғысын жүргізуге сұқтануы, «Гренландияны қосып аламын» деп дөңайбат танытуы әлемдік жүйедегі қалыптасқан дипломатиялық дәстүрдің негізін шайқалтты.



### ӘЛЕМДІ ТЫҒЫРЫҚҚА ТІРЕЙДІ

Дональд Трамп қайта сайланғаннан кейін оның «Америка үшін әділетті сауда» тариф саясаты тағы да жаһандық экономиканың басты тақырыбына айналды. АҚШ-тың импорт тауарларына баж салығын арттыруы, әсіресе, болат, алюминий, технология өнімдері мен ауыл шаруашылығы тауарларына тарифтерді жоғарылатып, кейбір елдерге тариф мөлшерін 20-25 пайызға дейін көтеруі халықаралық нарықтағы тепе-теңдікті бұзды.

Қытай, Еуропа Одағы, Канада және Мексика сияқты елдерге бағытталған бұл қаржылық жоспар екі жүзді қанжардай АҚШ экономикасында да ауыр соққы болуы мүмкін. Соған қарамастан, Дональд Трамптың сауда және өндіріс жөніндегі аға кеңесшісі Питер Наварро «АҚШ-тың импорттық баждан түсетін кірісі 10 жыл ішінде шамамен 6 трлн долларға жетеді. Тек автомобиль өнеркәсібіне қатысты баждан шамамен 100 млрд доллар табыс табамыз» деп шалқайып отыр. Дегенмен импорт тауарларына салынатын жоғары тарифтер шетелдік өнімдердің қымбаттауына мұрындық болып, күнделікті тұтыну тауарларының бағасы көтеріліп, инфляция деңгейі артады да, тұтынушылардың сатып алу қабілеті төмендейді.

10 ақпанда Трамп барлық импорттталатын болат пен алюминийге 25 пайыз көлемінде кедендік баж енгізуді тапсырды. 12 наурызда күшіне енген бұл шешім Австралия, Аргентина, Бразилия, Ұлыбритания, Еуропа Одағы, Канада, Мексика, Оңтүстік Корея және Жапониядан жеткізілетін өнімдерге қатысты қабылданды. Сондай-ақ 4 наурызда АҚШ әкімшілігі Канада мен Мексикадан келетін тауарлардың басым бөлігіне 25 пайыз кедендік баж салығын салса, Қытайдан әкелінетін тауарларға тарифтерді 10-нан 20 пайызға дейін көтерді (2 сәуірден бастап күшіне енді).

Әрине, АҚШ-тың тарифтерді өз бетінше көтеруі басқа мемлекеттердің қарсы шара қолданып, АҚШ-тың экспортына да кедендік салықтар енгізеді. Қазірдің өзінде Канада, Еуропа Одағы және Қытай «еруліге қарулы» әрекет ете бастады. Мәселен, Еурокомиссия Трамптың 2 сәуірде күшіне енген тарифтеріне жауап ретінде симметриялы тарифтерді ғана емес, сонымен қатар кейбір американдық тауарлардың еуропалық нарығын толығымен жабуды қарастыруда. Бұл өз кезегінде сауда соғысына ұласып, халықаралық қатынастарды шиеленістіреді, көпжақты сауда келісімін бұзады, Дүниежүзілік сауда ұйымының рөлін барған сайын әлсіретеді.

### СОҒЫСТЫҢ ТОҚТАЙТЫН ТҮРІ ЖОҚ

«Мен билік басына келсем, Ресей мен Украина арасындағы соғысты 24 сағат ішінде тоқтатамын» деп кеуде қаққан Трамптың Ресей мен Украина арасында бейбітшілік орнату жоспары жуық арада орындалмайтын секілді. Сарапшылардың дерегіне сүйенсек, Трамп билік басына келгелі Ресей шабуылды тіпті үдете түскен. Соңғы кездері Украина тарапы Ресей Харьков және Сумск облыстарына шабуыл жасау үшін әскер топтап жатыр деп мәлімдеп, өз шебінің сақтығын күшейтті. Ресей бұл шабуылға Курсктегі күштерін жұмылдырған.

Өткен жылы тамыз айында Курскке басып кіріп, 1000 шаршы шақырымға жуық аумақты 8 айға жуық ұстап тұрған Украина күштерін қуып шығуға Ресей 60 мыңға жуық әскерін жұмылдырған болатын. Ресей тарапы «Курск қазір толықтай біздің бақылауымызда» деп мәлімдегенмен, Украинамен шекаралас 3 елді мекен әлі де Украина күштерінің қолында көрінеді. Сонымен қатар Украина майдан шебіне түсетін қысымды азайту үшін енді Белград облысына шабуыл жасап, алға ілгерілеуге тырысып жатыр деген ақпарат бар. Киев мұны ресми түрде растамағанмен, ресейлік арналар Украина күштері бұл облыста да бірнеше елді басып алғанын жарыса жазып жатыр. Ал Ресей күштері Донбасс, Луганск облыстарында алға ілгерілеп, өткен аптада 2 елді мекенді басып алғанын мәлімдеді.

Жалпы майдан шебіндегі жағдайға келсек, 1000 шаршы шақырымға созылған майдан шебінде Ресей күштері басым тұр. АҚШ-тың Соғыс зерттеулері институтының (ISW) мәліметі бойынша Ресей наурыз айында Украина аумағында 240 шаршы шақырымға (93 шаршы миля) алға жылжыған. Украина күштері қазірге дейін олардың екпіндеп алға жылжуына мүмкіндік бермегенмен, АҚШ-тан келетін көмек үзілсе, көп өтпей шегіне ұрыс салуға мәжбүр болуы мүмкін.

### КЕЛІСІМНІҢ ДЕ АУЫЛЫ АЛЫС

АҚШ ара ағайын болып, Ресейді өз жағына тарта отырып, соғысқан екі елді мәселені келіссөз үстелінде шешуге көндіруге тырысқанмен, «Украина мен Ресейдің соғысты бейбіт реттеу бойынша көзқарасы әртүрлі. Ортақ түйісетін тұсы жоқ. Сондықтан бейбітшілік туралы айтуға әлі ерте» деп Қытайдың Сыртқы істер министрі Ван И айтқандай, екі ел де өз мақсаты орындалмаса, соғысты тоқтауға ниетті емес екенін анық аңғартты. АҚШ ұсынған соғысты 30 күнге уақытша тоқтату ұсынысына да Ресей өз шартын қойып, бірден келісе қоймайтынын көрсетті. Трамп екі ел басшысымен телефон арқылы сөйлесіп, тараптардың өкілдері бірнеше мәрте келіссөз үстелінде кездескенмен, оның да нәтижесі шамалы болды.

Ақ үйдің баспасөз хатшысы Кэролайн Ливиттің мәлімдемесіне сенсек, АҚШ президенті Дональд Трампқа Украина мен Ресейдің президенттерінің кейінгі кезде айтып жүрген сөздері ұнамай қалған. Трамп бұған дейін Путиннің Зеленскийді «заңды президент» деп мойындамауына және Украинаны сырттан басқару тәртібін енгізген жөн деген сөзіне байланысты «қатты ашуланғанын» мәлімдеген еді. Ол егер Мәскеу жақын арада бітім жасасуға келісім бермесе, онда Ресейдің мұнай экспортына қосымша баж алымын енгізетінін айтып, сес көрсеткен. «Барлық мұнайына 25 пайыз тариф енгіземін. Тариф 25-50 пункттен тұрады» деді Трамп.

Трамп Украина президенті Зеленскийді де сынға алып, оның АҚШ ұсынған пайдалы қазбаларды игеру жөніндегі келісім жобасына қол қоюға ынта танытпағанын айтты. Оның айтуынша, Зеленский құжатқа қол қою шартын Украина НАТО-ға мүше болуымен байланыстырған. Алайда АҚШ президенті бұл талаппен келіспей, Киевтің альянсқа қосылуға ұмтылысы Путиннің Украинаға соғыс ашуына себеп болды деп мәлімдеген.

Зеленский бұған дейін табиғи ресурстар жөніндегі келісімді НАТО-ға мүше болу мәселесімен байланыстырмаған. Ол АҚШ ұсынып отырған келісім жобасының кейбір шарттарына, әсіресе 2022 жылы Ресей Украинаға кең ауқымды басқыншылық жасағаннан кейін АҚШ берген барлық көмекті өтеу талабына келіспейтінін білдірген. Зеленскийдің айтуынша, Украина бұл көмекті қарыз ретінде мойындауға дайын емес, өйткені АҚШ-тың алдыңғы әкімшілігі оны тегін көмек ретінде бергенін мәлімдеген. Ал Трамп болса қазірге дейін АҚШ тарапынан берілген 182 миллиард доллар қарызды бір еселеп, Украина 350 миллиард қарызды қайтарсын немесе оның өтеуі үшін Украинаның пайдалы қазбаларын АҚШ-қа берсін деген талапты қойып, Украинаның «ендеше оның өтеуі үшін маған қауіпсіздік кепілдігін бер» деген талабынан да ат тонын ала қашып отыр. Сосын да ол өткен айдың соңында «Зеленский пайдалы қазбалар туралы келісімге қол қойғысы келмейді. Егер ол қол қоюдан бас тартса, қатты қателеседі» деп мәлімдеме жасады.

Шын мәнінде, АҚШ президенті Трамп Ресеймен қарым-қатынасты жақсартуға басымдық беріп, Украинаға көрсетілетін қолдауды әлсіретуге бағытталған саясат жүргізуде. Бұл ұстаным Украинаның ғана емес, Еуропа елдерінің де алаңдаушылығын күшейтіп, Вашингтонның сыртқы саясатына деген сеніміне селкеу түсірді. Еуропа елдері «Мұндай қадамдар Ресейдің геосаяси ұстанымын нығайтып, Украинаға қатысты Батыс елдерінің ұстанымын әлсіретіп, НАТО-ның ішкі қайшылығын асқындыруы мүмкін» деп санайды. Сондықтан Еуропа елдері өз қауіпсіздігін қамтамасыз етуде ендігәрі АҚШ-қа арқа сүйеп отыра беруге болмайтынын түсініп, қорғаныс саласында дербес шешімдер қабылдау қажет екенін мойындауда. Осыған байланысты Германия НАТО-ның шығыс қорғанысын күшейту үшін Литва аумағына 5 мың сарбазын орналастыруды жоспарласа, Франция мен Польша да қорғаныс шығынын ұлғайту мәселесін көтеріп, әскери ынтымақтастықты кеңейтуге ұмтылуда.

Өткен аптада Францияның бастамасымен Парижде Украинаға ұзақмерзімді қауіпсіздік кепілдігін беруге бағытталған «Ықыластылар коалициясы» саммиті өтті. Трамптың «Ресей мен Украина арасындағы қақтығыстың бейбіт жолмен шешілуіне ең алдымен Еуропа мүдделі болуы тиіс» деген мәлімдемесінен кейін ашылған бұл саммитте Украинаға бітімгерлік күштерді жіберу мәселесі де талқыланды. Атап айтқанда, Франция президенті Эммануэль Макрон Франция мен Ұлыбритания бастамасымен Украина аумағына бірнеше елдің тежеуші күштері кіргізілетінін мәлімдеп, «Әскер кіргізу-кіргізбеу мәселесін Ресей шешпейді!» деп мәлімдеп, Францияның жуық арада Украинаға 2 миллиард еуро көлемінде көмек беретінін жариялады. Бұдан Еуропа елдерінің сөзден гөрі іске көше бастағанын байқауға болады. Дегенмен ұзақ уақыттан бері АҚШ ұзын сызса жүріп, қысқа сызса тұруға әдеттенген Еуропа елдерінің АҚШ-сыз қадамы қалай боларын уақыт көрсетеді.

### АҚШ-тың ҚАТЕРЛІ ҚАДАМЫ

АҚШ-тың Гренландияны қосып алуға әрекет етуі, Газа секторындағы тұрғындарды көшіріп, оларды басқа өңірлерге орналастыру жоспары, Иранның ядролық мәселесіне қатаң саясат ұстануы әлемдегі жағдайды тіпті шиеленістіруі ықтимал. Иран демекші, Трамп қазір Иранға «ядролық бағдарламадан бас тарт» деген талап қойып отыр. АҚШ пен Израильдің пікірінше, Иран ол бағдарламаның арқасында жақын уақытта ядролық қару жасау қабілетіне ие болуы мүмкін. Ал Иран «ондай мақсат-міндет көздеп отырған жоқпыз» дейді. Жақында олар АҚШ-пен ядрлолық мәселелер жайлы келіссөз өткізуден бас тартты. Бұл жөнінде 30 наурызда Иран президенті Масуд Пезешкиан мәлімдеді. АҚШ президенті Дональд Трамптың Иранның жоғарғы басшысы аятолла Әли Хаменеиге жолдаған хатына ресми Тегеранның берген жауабы осы болды. Иран президенті осы сөзін айтпас бұрын, Дональд Трамп NBC арнасына берген сұхбатында, егер Тегеран АҚШ-пен келісім жасамаса, «Иран бұрын-соңды көрмеген ауқымда бомбалауға ұшырайды» деп мәлімдеген.

Қысқасы, жаһандық саясаттағы қазіргі оқиғалар шиеленістің одан әрі күшеюіне алып келуі мүмкін. АҚШ-тың Иранмен және Қытаймен қатынасындағы қайшылықтар, сондай-ақ Таяу Шығыстағы жағдайдың ушығуы әлемдік тұрақтылыққа үлкен қауіп төндіреді. Вашингтонның Иранға қатысты қатаң саясаты, Қытаймен экономикалық текетіресі және геосаяси мүддесі шиеленісті жаңа деңгейге көтеруде. Бұл факторлар халықаралық қатынастарды одан әрі күрделендіріп, жаңа қақтығыстардың туындауына әкелуі ықтимал.

## ЖАҺАН ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

### ҚҰРБАНДАР САНЫ АРТТЫ

Мьянмадағы 7,7 балдық жойқын зілзаладан қаза тапқандар саны 3000-ға жуықтады. Жараланғандар 4,5 мыңнан асқан. Тағы 441 тұрғын із-түзсіз жоғалды. Іздестіру-құтқару жұмысы жалғасып жатыр.



Мьянмада 28 наурызда 7,7 балдық жер сілкінісі тіркелді. Әскери үкімет бір апта қаралы күн жариялады. Мамандар жер сілкінісін «Мьянма мен Таиланд Үнді плитасының үстінде орналасқан, ал бұл плита 100 миллион жыл бойы солтүстікке қарай жылжып келеді» деп түсіндіреді.

### ҰШАТЫН ТАКСИ

Қытай коммерциялық ұшатын такси индустриясын құру жолында маңызды қадам жасады. Зерттеушілер екі компанияға автономды жолаушылар дрондарын пайдалануға алғаш рет рұқсат берді.



Сертификатты алу ұшқышсыз ұшақты пайдалануға берудің соңғы қадамы болмақ. Олар типтік сертификатты, өндіріс сертификатын және ұшуға жарамдылық сертификатын алды. 2030 жылға қарай Қытайда 100 мыңға жуық ұшатын электронды аппараттар отбасы көлігі немесе әуе таксиі ретінде пайдаланылады деген болжам бар.

### ГАЗА ТАҒЫ ДА ҚАН САСЫДЫ

Кейінгі екі аптада Газа секторында Израильдің әскери операциясынан 1000-нан астам адам қаза тапты. Оның арасында 322 бала бар. Тағы 600-ден астам бала жараланған. Жантүршігерлік мәліметті жария еткен ЮНИСЕФ өкілдері өңірде қарулы қақтығысты тоқтатуға шақырды.



Мамандар Газадағы өзге де балалардың жағдайына қатты алаңдап отыр. Екі апта бұрын атыс-шабыс қайта басталғаннан кейін көбі үйін тастап, шатырларды панаалап жүр. Наурыздың басынан бері аймаққа гуманитарлық көмек те дұрыс жеткізілмей жатыр. Мектептердің 85 пайызы бүлініп, балалардың көбі білім ала алмай отыр.

Бетті дайындаған
**Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ**

# АЛАШТЫҢ АЙБОЗ АҚЫНЫ

Көрнекті ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Серік Ақсұңқарұлының өлеңдерін академиктер, қаламгерлер қауымы, өнер иелері, жалпы шығармашылық орта, билік өкілдері, қара орман халқы да сүйсініп оқиды. Бұған ақынның шығармашылығы туралы ілгеріде айтылған пікірлер мен күні кеше ғана мерейлі 75 жасқа толуына орай әлеуметтік желілерге жазылған құттықтаулар легі айқын дәлел. Арқадағы ең биік шың Ақсораңнан шыққан ақын Алаш көгіне самғап, жыр жұлдызын жандырды.



Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек жолдаған құттықтауында ақынмен Қарағанды облысында еңбек еткен жылдары етене араласқанын айта келе: «ол қай кезде де ел-жұрттың сөзін сөйлеп, игі бастамалардың жаршысы болып жүретін. Ақын ретінде Серік ағамыздың отты жырлары – қазақ әдебиетінің шоқтығы биік туындылары санатында. Сондықтан оны тек Арқа жұртына емес, тұтас қазақ еліне ортақ айбоз ақын деп білеміз» деген ізгі лебізін білдірді.

«Барыс жылы туған асау балықпын» деп жырлайтын шайыр әдебиет әлемінде соны соқпақ салды. Белгілі әдебиет сыншысы, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Амангелді Кеңшілікұлының пікірінше, Серік Ақсұңқарұлы – қазақ поэзиясындағы ең тұңғыш модернист ақын. «Ол қазақ поэзиясын түрлендіріп, жыр әлеміне заман ағымына сай өлеңнің жаңа техникасын алып келді. Ақынның жазғандары – рухты поэзия» дейді сыншы.

Ал ақынның шығармашылығы жайында шаршы топта алғашқы жылы сөзді көрнекті ақын Қуандық Шаңғытбаев айтты. Бұл – осыдан тура жарты ғасыр бұрын болған оқиға. Керекуде жас ақын-жазушылардың аймақтық кеңесі өтіп, Чили туралы Серік ақынның оқыған өлеңін жоғары бағалаған Шаңғытбаев «Аксұңқарұлын осы бір-ақ жырымен одаққа алуға болады» деген пікірімен зал ішін дүрілдетіп жіберген еді.

Аксұңқарұлының өлеңдері туралы кезінде талайға алдырмайтын терең ақын Жұмекен Нәжімеденов, көрнекті ақындар Ғафу Қайырбеков пен Кеңшілік Мырзабеков, академик Серік Қирабаев, қабырғалы қаламгерлер Шерхан Мұртаза мен Мұхтар Мағауин (бұл тізімді әрі қарай да соза беруге болады – А.Қ.) жылы сөз айтты. «Қарлығаш» атты ұжымдық жинақты оқыған Жұмекен «Серік өлеңдерінде еркін, көтеріңкі үн бар. Ол үн кейде романтикалық сарынға ауысып кетеді. Бірақ ақын романтикасы реалистік деталь-образдармен, бояулармен қаныктырылып отырады екен» деп жазды «Тақырып. Талғам» атты мақаласында.

«XX ғасырдың 20 сәті» жинағы шыққанда: «Серік Аксұңқарұлының талантын туған жердің ақсұңқарын сақтағандай сақтап, аялауымыз керек!» депті Ғафу Қайырбеков.

Серік Қирабаев ақынның «Моцарт пен Сальери (осы заманғы нұсқа)» шығармасынан жаңа ізденісті аңғарып, «Талантты ақын ой батылдығына қоса, бейнелі суреттермен заман мен адам өмірі туралы танымын паш еткен» деген пікір айтты.

Серік Аксұңқарұлының талайларды тәнті еткен өлеңі «Қасқырдың монологы» аталады. Шерхан Мұртаза ақынмен кездескен жерінде осы өлеңді оқытатын. Көрнекті қаламгер «Адам ата – Хауа ана» жыр жинағына да сүйсінді. «Аксұңқарұлы баяғыбаяғы бабасы Күлтегінді іздейді. Таба алмай шарқ ұрады. Түрік әлемінің абыройын асқақтатқан Күлтегін заманын аңсап, Иисус Христостың оралуын зарыға күткен христиандар сияқты ақын да ұлы рух пайғамбарларының қайта келуін аңсармен армандайды» дейді Шерхан Мұртаза. Айтқандай, ақынның кейінгі шыққан жыр жинағы «Көкейімде Күлтегіннің жазуы» аталады. Осы кітабы үшін оған Абай атындағы Мемлекеттік сыйлық берілді.

> Серік Аксұңқарұлының сөз ғана емес, саз әлеміне де қосқан үлесі бар. Талантты әнші Мейірхан Адамбеков шырқаған «Шайтанкөл» әні – ақынның төл туындысы. Бұған қоса, ақын дарынды композитор Есжан Әміровпен тандем құрып, тамаша әндерді туындатты

1975 жылы «Көктем тынысы» атты ақындардың ұжымдық жинағы жарық көрді. Оған Несіпбек Айтұлы, Исраил Сапарбай, Зайда Елғондинова, Иран Ғайып, Жұматай Жақыпбаев сынды жас шайырлардың туындылары енді. Осы кітаптан жалындаған жиырма бес жастағы Серік Аксұңқарұлының өлеңдері де көрінді.

Сол кезде ақын Ресейдің Пенза қаласында әскери борышын өтеп жүрген еді. Анасының салып жіберген хатының арасынан шыққан жұп-жұқа ғана кітап ақынға алтынмен апталғандай боп көрінді. Сөйтсе, жинақты құрастырушыларға айтып жүріп, өлеңдерін ақын ағасы Дәуітәлі Стамбеков қостырған екен. Серік Аксұңқарұлының кейіннен: «Менің пірім-Сүйінбай» деген Жамбыл тәтем. Менің пірім – Қасым мен Дәуітәлі! Алдында Дәуітәлідейін адуынды азамат ағасы болмаса, мына дүниеде мендей Серік Аксұңқар деген басы жұмыр пенде болар еді. Ақын болмас еді!» дейтіні содан.

Серік Аксұңқарұлы шығармашылығының шарықтауына үлес қосқан тағы бір азамат – халқымыздың күй өнерінің білгірі, ғұлама ғалым Ақселеу Сейдімбек. Ахаң «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінің әдебиет және өнер бөлімінің меңгерушісі қызметінде жүргенде Серік ақынның «Жиырмасыншы ғасырдың жиырма сәті» атты поэма-панорамасын оқиды. Сол кездегі саясатқа келмейтін туындыны Ақселеу алып қалады. Араға бірнеше жылдар салып, газеттің тұтас бетіне «Құрлықтар» деген тақырыппен жариялатады.

Иә, Серік Аксұңқарұлына осындай тұлғалардың шапағаты тиген. Өз кезегінде біраз жыл Жазушылар одағының Қарағанды облыстық филиалына жетекшілік еткен Аксұңқарұлының осы өңірден талантты ақындардың шығуына қосқан үлесі мол. Руслан Нұрбай, Серік Сағынтай, Қайрат Асқар, Бағдат Мүбарак, Рахат Әбдірахманов сынды ақындарды жұрт «Аксұңқарұлының абадандары» деп атайды. Ал олардың соңынан шыққан Мирас Асан, Рауан Қабидолдин, Қуаныш Медеубаев, Алмаз Мырзахмет, Жанат Жаңқашұлы, Жәнібек Әлиман, Ерік Нарын атты жас ақындардың шығармашылығы Қарағанды жерінде кешегі Қасым өлеңде жағып кеткен оттың сөнбегенінен хабар береді.

Серік Аксұңқарұлының сөз ғана емес, саз әлеміне де қосқан үлесі бар. Талантты әнші Мейірхан Адамбеков шырқаған «Шайтанкөл» әні – ақынның төл туындысы. Бұған қоса, ақын дарынды композитор Есжан Әміровпен тандем құрып, тамаша әндерді туындатты. Бұл әндер «Қарағанды вальсі», «Қыдыр қонған Қызылорда», «Есіл мен Нұра», «Абыралы» болып кете береді. Қазақтан шыққан тұңғыш бард Табылды Досымов Аксұңқарұлының «Өмір деген күнді айналу» өлеңіне ән тудырды. Бұл туындыны кейіннен талантты ақын Мақсат Күземхан жаңғыртты. Белгілі композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Кентау Назарбек «Қасқырдың монологын» әнге айналдырды.

Осыдан 5 жыл бұрын Серік Аксұңқарұлының шығармашылығына тоқталып: «Кез келген қаламгер ұлттық ақын немесе ұлттық жазушы бола алмайды. Ол үшін ғасырлар бойы қалыптасқан өз ұлтының сөз мәйегін, тіл құнарын бойға сіңіре білу керек. Ондай қаламгерлер бізде бар. Соның бірі де, бірегейі де – арқалы ақын Серік Аксұңқарұлы. Аксұңқарұлының жырларынан дала дидары айқын көрініп, ата-бабаларымыздан дарыған Алаш рухы атойлап тұрады. Ақын соны өлең тілінде шебер, нанымды кестелей біледі» деп жазған едік. Әлі де сол пікірдеміз.

Бетті дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

# АЙТЫСТЫҢ АҚБОЗ АТТЫ АРУЫ



Арыдағы Сара мен Ұлбикені айтпағанда, берідегі Тәушен Әбуова, Әселхан Қалыбекова, Әсия Беркенова төл өнеріміз айтыстың жарқырап көрінуіне айтарлықтай үлес қосты. Солардың ізін жалғап, өткен ғасырдың сексенінші жылдары айтыс аламанына қосылған қыз-келіншектердің қатарында Жадыра Құтжанова есімі ерек аталады. Бүгінде «Астана Опера» театрында аға костюмер болып жұмыс істейтін ақын ұлтымыздың бұл қасиетті өнеріне өмірінің 13 жылын арнап, талай сөз сайысында топ жарды.

Тобыл-Торғай өңірінде Құтжан Қанжығалин деген ақын өткен. Заманында айтысқа қатысып, жазба өлең жазған, ән шығарған, соңында бірнеше әні мен «Ақ қайың» атты күйі қалған Құтжан ақынның жиен немересі Жадыраға ақындық қан арқылы қонды. Анасы Төлеутай Құтжанқызы аймаққа белгілі айтыс ақын еді. Ал әкесі Сәкен Мұхамеджанов ақын, сатирик болды.

Жадыра бала кезінде «Мұңлық-Зарлық», «Еңлік-Кебек», «Қыз Жібек», «Алпамыс» дастандарын пластинкадан көп тыңдап, солармен тәрбиеленді. Кейбірін жаттап алғаны да бар. Орта мектепте оқығанда өлеңдері қабырға газетіне шығып тұрды. Ал айтыс сахнасына шыққанына биыл тура қырық жыл болмақ. Арқалықтың музыка училищесінің студенті кезінде ұстазы, Қазақстанның халық ақыны Қонысбай Әбілов айтысқа салып жіберді.

1989 жылы сол кездегі астанамыз Алматы қаласында халықаралық ақындар айтысы өтті. Онда Жадыра Құтжанова алдымен Нұрлан Әбдібековпен, кейіннен «солақай ақын» Серік Құсанбаевпен айтысты. Финалда Моңғолиядан келген Қабдыжәлел Сахарияұлымен сөз қағыстырды. Сол айтыста Жадыра алғаш рет бас бәйгеге тігілген ақбоз атты мінді. Иә, ол жылдары ең жоғары жүлде әрі кеткенде жылқы болатын.

1991 жылы Жезқазған қаласында «Ұлытау үні» фестивалі ашылды. Фестиваль аясында айтыс ұйымдастырылып, Жадыра Құтжанова «дәридай ақын» Мұқаш Сейтқазиновпен, Ерік Асқаровпен және «Сары тентек» Қуаныш Мақсұтовпен айтысып, онда да ақбоз атты тақымына басты. 1990 жылы Нұрғали Нүсіпжанов, Қапаш Құлышева, Ерік Асқаров, Жадыра Құтжанова, Жанар Айжанова сынды Қазақстан өнерпаздары Түркия еліне сапар шекті. Онда 1500 адамдық стадионда өткен айтыста Жадыра қатарлы ақындар ел мерейін асырды.

Жадыра ақын радиоайтысқа да қатысып, бас жүлдені алды. Жастар арасындағы айтыста Асқар Тоқмағамбетов атындағы жүлдемен марапатталды. Баяғыда «Алтын алма» атты фестиваль бар еді. Жадыра Құтжанова соның аясындағы айтыста да топ жарды. Біреу білер, біреу білмес шығармашыл жастардың «Шабыт» халықаралық фестивалі бағдарламасына да бұрын айтыс кірген еді. 1998 жылы Жадыра ақын бұл фестивальге қатысып, «Суырыпсалма ақын» аталымын иеленді.

Бұрын өңір-өңір болып айтысатын дәстүр болды. Қазір бұл дәстүр командалық айтыс түрінде жаңғыртылды. Жадыра Құтжанова Торғай, Қостанай облыстары құрамында Көкшетау және Жезқазған облыстары ақындарымен сөз қағыстырды. Сол уақытта ақындар аздау болғандықтан команда құрамына әнші-жыршылар, күйшілер кіріп, айтысуға мәжбүр болатын. Сондай айтыстардың бірінде өмірден ерте өткен күйші Алпысбай Тұрсынбековпен жұпталып, оны әбден састырғаны бар.

> Жадыра Құтжанова – айтыс ақыны ғана емес, жазба ақын да, өз өлеңдеріне бірнеше ән жазған сазгер. Бір кітапқа жүк болатын жырлары дайын тұр. Айтыстарынан да бір кітап құрастыруға болады

Жадыра Құтжанова жұбайының қызметі Астанаға ауысқаннан кейін отбасымен бас қалаға көшіп келді. Елорда тұрғыны атанғанына биыл ширек ғасыр болады. Әрине, алдымен жұмыс іздеді. «Ақ орда» атты театр ашылғанын естіп, соған барды. Директоры – айтыстан таныс ақын Ерік Асқаров екен. Содан екеуі арқа-жарқа, мәре-сәре болып қауышады. Жадыра жағдайды жеткізгеннен кейін Ерік оны жұмысқа алады.

Аталмыш өнер ошағы кейін К.Байсейітова атындағы Мемлекеттік опера және балет театрына айналды. «Астана Опера» театры ашылғаннан кейін Жадыра Құтжанованың қызметі соған ауысты. Міне, биыл – театр саласында костюмер болғанына жиырма бес жыл. Мұнда ол әртістердің сахналық киімдерін қадағалап, соларға жауап береді. Жалпы «Астана Операда» 10 мыңнан астам костюм болса, соның 1584-і – ұлттық костюмдер.

«Театр деген керемет жер ғой, өнер ордасы. Маған ұнағаны соншалық, ширек ғасыр бұрын келгеннен кейін кеткім келмей қалды» дейді ақын.

Жадыра Құтжанова – айтыс ақыны ғана емес, жазба ақын да, өз өлеңдеріне бірнеше ән жазған сазгер. Бір кітапқа жүк болатын жырлары дайын тұр. Айтыстарынан да бір кітап құрастыруға болады. Ал әндері «Ғасыр», «Ұлар» сынды топтардың репертуарына енген. Айтыста кезінде жақсы көрінген Салтанат Өтелбаева – Жадыра Сәкенқызының шәкірті.

Кейінгі жылдары бірнеше ретро-айтысқа қатысты. Атап айтқанда, 2022 жылы Қостанайдың Рудный қаласында өткен және былтыр Торғайда ұйымдастырылған айтыстарда Әлфия Орманшинамен бірге өнер көрсетті. Қазір айтыстарға қазылар алқасына да шақырылып тұрады.

Биыл мерейлі белестің біріне шығатын ақынның кітап шығару, басқа да жоспарлары бар. Сәтімен жүзеге асуын тілейміз!

# ҰРПАҒЫНА ҮЛГІ БОЛҒАН ҒАЛЫМ-АНА

Ұлы даланы тұлпарларының тұяғымен, жалынды үндеуімен дүбірлете оятқан, еліміздің бостандығы үшін жанын пида еткен біртуар азаматтардың, оның ішінде Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлы сияқты ағартушы педагогтардың тарихи Отаны болған Арқалық қаласы Әсима Калимқызының еңбек жолының бастауы еді.



1977 жылы академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің филология факультетін бітіріп, 1972 жылы алғаш ашылған Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтына арнайы жолдамамен барып, орыс және шетел әдебиеті кафедрасына аға оқытушы лауазымына қабылданған. Жас маман ретінде алғашқы күннен бастап, өзінің тиянақты білімділігі мен ұжыммен жұмыс істей алатын қабілетімен көзге түскен Әсима Калимқызы 1985-1987 жылдар аралығында кафедра меңгерушісі қызметін де атқарады.

1978 жылдан бастап ғылым жолына біржола бет бұрған Әсима Калимқызы Мәскеудегі Н.П.Крупская атындағы МОПИ-де білім жетілдіру курсынан өтеді. Осы жылдары ірі ғалымдардың дәрістерін тыңдайды. Ғылымға әлі шөлі қанбаған ғалым М.В.Ломоносов атындағы ММУ-де доцент В.А.Апухтинаның жетекшілігімен «1970-80 жылдардағы кеңес әдебиетіндегі мысал әңгіме функциясы» атты кандидаттық диссертациясын жазуды бастайды. Қажымай-талмай ізденудің нәтижесінде 1984 жылы кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап шығады. Іздегенін ғылымнан тапқан жас ғалым осымен тоқтап қалуды жөн көрмей, әрі қарай ғылыми жолда еңбек етуді өзіне мақсат етіп, 1996 жылы конкурс бойынша Ақмола университетінің орыс және шетел әдебиеті кафедрасының доценті лауазымына қабылданып, қоныс аударады. Ғалым қызының жағдайын жасап жүрген ата-анасы да қаражаяу кісілер емес еді. Калим әкей мен анасы Роза апай барлық саналы ғұмырын ел балаларын тәрбиелеуге арнаған педагогтар болатын. Калим Ишанұлы Торғай өңіріндегі бірнеше мектептерде директор болып қызмет атқарған басшы-ұстаз болса, анасы Роза апай – бастауыш сыныптарға сабақ берген педагог. Әсима Калимқызының ғылым жолындағы жетістіктеріне үлкен жағдай жасағандардың бірі – жолдасы Амангелді де мектепте еңбек және әскери іс пәнінен сабақ берген мұғалім болатын. Жанұядағы екі кішкентай ұлдарының тәрбиесіне өзі қарап, Әсима Калимқызының ғылыммен алаңсыз айналысуына толық мүмкіндік жасаған.

Әріптесім Әсима 1998 жылдан бері Л.Гумилев атындағы Еуразиялық университетінің журналистика кафедрасының доценті қызметін атқарады. 2006 жылы академик Р.Нұрғалидың жетекшілігімен «Әдеби ойын типологиясы. Тұжырымдамалық салыстыру аспекті» атты докторлық диссертациясын қорғады. Бүгінде журналистика және әлеуметтік ғылымдар факультеті баспасөз және баспа ісі кафедрасының профессоры болып еңбек етіп жүрген ғалым. Зулап өткен 45 жыл ішіндегі ғалым Әсима Ишанова туралы ауыз толтырып, мақтанып айтар жетістіктері жетерлік.

> Әдебиет пен журналистика әлеміне еркін еніп, оның төрінен құрметті орын алған ғалым Әсима Калимқызының есімі бүгінде білім алушылар мен осы салада еңбек етіп жүрген әріптестеріне жақсы таныс. Өз ісіне адал, жауапкершілікпен қарайтын ғалым

Әдебиет пен журналистика әлеміне еркін еніп, оның төрінен құрметті орын алған ғалым Әсима Калимқызының есімі бүгінде білім алушылар мен осы салада еңбек етіп жүрген әріптестеріне жақсы таныс. Өз ісіне адал, жауапкершілікпен қарайтын ғалым Әсима Калимқызы 2012 жылы ҚР ҒБМ – «ЖОО үздік оқытушысы» грантын жеңіп алып, гранттан бөлінген қаражатты шетелдерден өтетін тағылымдама мен білім жетілдіру курстарына жұмсайды.

2013 жылы Жапония (Хоккайдо университеті) мен Англия (Борнмут университеті) елдерінде тағылымдамадан өтеді. Сондай-ақ бірнеше ғылыми мақалалары АҚШ (Сиэтл университеті), Қытайда (Шанхай университеті), Италияда (Сапиенс университеті) елдерінде жарыққа шыққан.

Бұл оның неше жылғы ғылыми еңбектерінің нәтижесін көрсететін марапат болатын.

Отбасында адал жар, бала тәрбиесінде ардақты ана, бүгінде құрметті әже атанып отырған Әсима әріптесімнің қолынан қаламы түскен емес. Ешқайсысын ақсатпай, бәріне уақыт тапқан ғалым ғылыми еңбектерін де жарыққа шығарып отыруға уақыт тапқан. Бүгінде Әсима Калимқызының әдебиет пен журналистика мамандығына қажетті 3 монографиясы, 3 оқу құралы сияқты еңбектері еліміздің бірнеше жоғары оқу орындарындағы кітапханаларда үлкен сұранысқа ие. Сондай-ақ 300-ден аса ғылыми мақаласы отандық және шетелдік баспалардан жарық көрген.

Ұстаздық жолындағы елеулі еңбегі мен ғылымға қосқан өзіндік үлесімен қоса ұстаз бойындағы адамгершілік, кішіпейілділік, мәдениеттілік оның студенттермен аудиторияда жүргізген сабақтарынан да байқалады. Елу жылға жуық «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Қазақ журналистикасының тарихы», «Әлем әдебиетінің тарихы», «БАҚ-тың тілі мен стилі», «Журналистика және шешендік өнер», «Шетел журналистикасы», «Стилистика және әдеби редакциялау», «Баспасөздегі сатира», «Мәтін және редактор» сынды пәндерді бакалавр студенттеріне, «Журналистика пәндерін оқыту әдістемесі», «Медиазерттеу», «Ғылыми зерттеу негіздері», «Халықаралық қатынастардағы медиазерттеулердің әдістері» т.б. пәндерінен магистранттар мен докторанттарға дәріс оқиды. Сонымен қатар алыс-жақын шетелдерде өтіп жататын түрлі конференцияларға қатысып отырады.

Әсима Калимқызының үлкен жауапкершілікпен жан-жақты дайындықпен келіп сабақ өткізуі, оның алдынан дәріс алған шәкірттерінің ұстазы жайлы жазған мақалалары мен түрлі түсірілген түсірілімдерінен көруге болады.

Бүгінгі күні әріптесімнің ұстаздық жолындағы жарты ғасырлық еңбегі елеусіз қалған жоқ. ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі мен университет тарапынан берілген түрлі марапаттардың иегері.

Ғылымда өзінің ізін қалдыру, шәкірт тәрбиелеу үшін әйел затына ерекше қажыр-қайрат керек болса, ол Әсима әріптесімнің бойынан табылады.

Әсима Калимқызы – сонша жұмыстың сыртында өнегелі отбасының ұйытқысы, мейірбан ана. Бүгінде бұл жанұяда үлкен ымыра-бірлік бар. Кешегі өзінің еңбек жолымен тәрбиелеген екі ұлы мен келіндері, немерелері атасы мен әжесін тек жақсы жақтарымен ғана қуантып жүр.

Үлкен ұлы Қанат Амангелдіұлы таяу арада Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Коммуникациялар бөлімінің меңгерушісі лауазымына тағайындалды. Ал Айсұлтаны болса Тенгриньюс ақпараттық агенттігінде бас редактор болып қызмет атқарады. Немерелері Арлан мен Ескендір – бүгінде атасы Амангелді мен әжесі Әсиманы қуанышқа бөлеп отырған балапандары.

Әріптесім Әсима Калимқызын білікті ғалым, әдіскер маман, ұлағатты ұстаз ретінде болашақ мамандарды тәрбиелеуде ұзақ жылдар аянбай еңбек етіп, соның жемісін көріп отырған бақытты жан ретінде құрметтеймін.

**Сәуле ТАПАНОВА,**
**филология ғылымдарының докторы, профессор**

Қазақтың асыра сілтеген тойларын, адамдардың шектен шыққан әрекеттерінің үстінде көз таныс кездесе қалса, «Осыны неге айтпайсыңдар?», «Неге осыны көтермейсіңдер?» деп газетте жүр ғой деген оймен бізге дүрсе қоя береді. Онсыз да қоғамның дертін айтып та жүрміз, жазып та жүрміз. Ұлтымыздың ұпайына болсын деп-ақ келеміз. Естір құлақ болса кәні?!

# ТҮЗУ ЖОЛҒА ТҮСУДІҢ ҚИЫНДЫҒЫ

**Айгүл УАЙС**

Бізді бүретіндер әбден әккі болып алған, өзгені айтақтап, өздері бұғып қалғанды қош көреді. Түсінуге болады, кім тобырға қарсы шығып, кім жексұрын болғысы келсін. Солардың ішінде «Әй, мыналарың артықтау ғой, қойыңдар» деп көптің алдына суырылып шығатындары жоқ. Мүмкін, кісінің қуанышы кейде қайғысы бір себеп болған жиынның шырқын бұзғысы келмегені болар. Ол да біздің әдебіміз. Бірақ, із жолымен жасы үлкені «ағайындар-ау» деп түземесе ол да жаман. Жиын басында бір айтылар, екі айтылар, күннің күнінде халық құлақ асып, асыра ысырапшылдық, мәні мен мағынасы жоқ даңғазаның алдамшы екенін ұғынар.

Әзірге бұл жауапкершілік ауыр міндеттей көрінеді, оны ешкім мойнына алғысы келмей, лажы болса басқа біреу, бөтен адамның кем-кемтігімізді түзеп бергенін қалаймыз. Тіпті, мемлекет тыйып жатса тіпті жақсы дейтіндер бар. Бар лағнетімізді соған жаудырып, әйтеуір, қисық та болдейін дастарқан жайып әлек болды. Бұл келісті жергілікті жұрт «қонақасымен» шатастырады. Алыстан келетін, ет жақын туыстары болмаса, қазаны естіген адамдардың бәрі қонақасына келу міндетті ме? Тіпті көңіл айтып келгеннің өзінде, көп кідірмей, қаралы отбасына қандай көмегім керек деп сұрап, жеті шелпектен ауыз тиіп, кете беруіне болады ғой. Жоқ, келген соң, міндетті түрде отыру керек, табақ тартылып, сол астан жеу тағы шарт. Жеңінің ұшымен көз жасын сүртіп жүрген тумаластары келгендерді қарсы алып, күтуі керек. Себебі қонақасыға келген адам намазына не асына келмеуі мүмкін делінеді.

Неге екенін қайдам, кісіге құрметімізді, ықыласымызды ас, аста-төк дастарқанмен білдіреміз. Тіпті құрбан шалып құдайы садақа таратсақ та, дастарқансыз болмайды. Бұл үйге келген бейтанысқа да наннан ауыз тигізбей жіберетін әдетімізден қалыптасқан болар. Содан да қаза үстіне келген адамды құр ауыз қайтару миға сыйымсыз. Бұл тұста қазаға көңіл айта келген адам ойлануы тиіс. Бұл келісіміздің өлген адам қайтып келмес.

Адам баласы туып өсіп, мекен еткен жердің ерекшеліктеріне қарай ішіп-жеу, адаммен араласу сияқты мәдениеттерін қалыптастырады. Сондықтан оңтүстіктегілер мен солтүстіктердің ауа райына қарай ма, әйтеуір жеген асынан бастап ішкен суына дейін аздап өзгешеліктер кездеседі. Оңтүстікте Арқаның қазағындай астау толы ет тарту сирек кездеседі. Тойда, құда күтісте мүмкін кездесіп қалар. Ал қазаның үстінде мұндай қазақ асханасының салтанаты орынсыз көрінеді. Бұл, бір жағынан, үнем үшін де керек. Етті майдалап турап, палаудың үстіне салып, көпті жайғастыра береді. Табақтан мүше іздеп, сыбаға алып кетпедік деген ешкімді көрмедік. Демек, мұндай форматтың тиімділігі бар. Сонда асқа ту бие емес, оның жартысын да сатып алып, үнемдей алады. Біздікі жай ой ғой, қазанға түскен қапқа түспейді дейді, өлікті жөнелтуге қатысты мақал сөздеріміз жетеді. Қайсыбірін алға тартамыз. Тек өзімізге қолайлы жағын ойластырып, жұрттың алдына шығып асып-тасудың, не болмаса соңында қалмайын деп шашылудың қажеті



са өзімізді-өзіміз ақтап алудың амалын жасармыз деп жүрміз. Бұл – түзу жолға түсудің қиындығы. Ерік-жігеріміздің әлсіздігі. Оң мен солын ажырата алмай, жақсы мен жаманның парқын білмей, көп не дейдінің ыңғайына жығылу.

Сондықтан да дәл осындай қайғы мен қуаныш өз басына түскенде, қой, мынаны реттейік, осы жерден тоқтатайық демейді. Елдің жасағанын жасап, одан асырып жібермесе қалыспауға тырысады. Көптің үнсіз қолдауымен даңғаза, дақпырт, дарақылық жалғаса береді.

Елдің тойын, бір қызығын өзіне қалдырдық. Дегенмен, қазаның, марқұмды жер қойнына берудің қиындығын тағы да айтып, халыққа жеткізбекпіз.

Жақында бұрын бірге жұмыстас болған бір замандасымыздың әйелі аяқ астынан дүние салды. Орта жастан аспаған шағында, балалары әлі жетіле қоймағанда тосыннан келген ажал. Әулет үшін ауыр қаза. Көп ағайынды бауырларының бірі қалмай, естіген таныстары да жан-жақтан келіп жатты. Шағын жер үйге адам сыймай, қаралы үй дәлізге жөні бар ма, жанашырлықпен батамызды беріп, көрісіп болып, тізе бүкпей кете берсек, өзіміз де жеңілдейміз, екіншіден, қаралы үйге де салмақ салмаймыз деп ойламас па. Адам баласы болған соң, әркімнің басында болатын нәрсе ғой, дәл осы қазада неге кісілік танытып, бәрімізді ойландыратын, заманға сай келе бермейтін қазақты кері тартатын шарттылықты жеңілдетуге әрекет жасасақ, өз қолымызда емес пе?!

Жағдайы келгендер қонақасы, дәлел асы деп, марқұмның бірге жүрген замандастары, әріптестері тағы басқа да елдің зиялыларын дәмхана, мейрамханаларға шақырып жатады. Көбіне ел алдында жүрген, көпке танымал адамдардың ұрпақтары бұл шарттылықты орындау парыз деп білетін сияқты. Осы қонақасына шақырылғандар ертесіне қатарын бұзбай марқұмның намазында тұрып, асына да барады. Ойлап отырсаңыз, бір қазаға бір адамды екі шақыру нені көздейді? Артында қалғандарға салмақ емес пе?! Олар намысқа тырысқанмен, аздығын айтқымыз келгені.

2017 жылдары көрші елдердің бірінде той-томалақтың, діни ғұрыптардың рәсімдерін заңмен белгілеп, кейбіріне ресми тыйым салған болатын. Сол кезде Қорғантөбеге жол түсті. Түскен үйіміздің көршісінің ақсақалы дүниеден өтіп, қара жамылып отыр екен. Көз көрген деп көңіл айтып келдік. Жер ортасынан асқан апамызға заңмен бекіткен тәртіп ауыр тиіпті. Тым болмаса бір лақ сояйын, керек десеңіздер, жартысын жетімдер үйіне берейін деп жалыныпты. Жергілікті жердің иесі, заңның күзетшісі махалла басшысы қатты кісі екен, рұқсат бермепті. Ол елде арнайылап ірі мал союға тыйым бар. Ол ол ма, «шетелде терін сатып тапқан жерлестеріңнің ақшасын тойға шашпаңдар» деп тойдың да шарқын реттеп қойды. Қазір елдің жағдайы біршама түзеліп қалғандай.

Алайда бізге керегі бұл да емес. Заңмен қысып, ырым-жырымдарды ережемен реттегенді жөн деп ойламаймын. Алайда әркім өз жолын, жөнін біліп, өз жағдайын жасаса, ешкімнен кем болмаспыз.

## ДҮЙСЕНБІ
### 7 СӘУІР

**QAZAQSTAN**

6:00 Әнұран
6:05 «Әлемді өзгерткен кеме апаттары».
7:00 «TAŃSHOLPAN».
10:00 АҚПАРАТ
10:10 «Қызым». Телехикая.
12:10 «ТАТУ-ТӘТТІ». Реалити шоу.
13:20 «ЕРГЕЖЕЙЛІЛЕР». Мультфильм.
14:00 АҚПАРАТ
14:10 «Апта». Сараптамалық бағдарлама.
15:00 «Ең дәмді»
15:50 «Қара шаңырақ». Телехикая.
17:00 АҚПАРАТ
17:10 «Сезім толқыны». Телехикая.
18:00 «ҚЫЗЫМ». Телехикая.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «АШЫҚ АЛАҢ».
21:25 «ЫСТЫҚ ҰЯ». Телехикая.
22:15 «ЛӘЙЛӘ». Телехикая.
23:15 «1001 ТҮН».
0:50 «Ашық алаң».
1:40 «Сана»
2:40 «Тату-тәтті». Реалити шоу.
3:40 «Ең дәмді»

5:00 "Дүлдүлдер дүбірі"
6:00 Телехикая. "Пәленшеевтер 3"
7:00 "Оян!"
9:00 Мультсериал. "Приключения Моли"
9:30 Телесериал. "Зимородок"
11:30 "Тамаша"
12:00 "President"
12:15 "Әлеумет"
12:30 Телехикая. "Шашу"
13:30 Телехикая. "Күзде келген көктем"
15:00 Телехикая. "Бахар"
16:00 Телесериал. "Триггер новый"
18:30 Жаңалықтар
19:00 Телехикая. "Шашу"
20:00 Телехикая. "Бахар"
21:00 Телесериал. "Зимородок"
22:30 Телесериал. "Триггер новый"
0:30 Телесериал. "Перекресток"

**ASTANA TV**

06.00 «Тігінші қыз» телесериал
07.00 «Улыбка пересмешника» телесериал
09.00 «Қолымнан ұста» телехикаясы
10.40 «Яркое пламя» телесериал
12.10 «Осман 3» телехикаясы
15.00 «Тігінші қыз» телесериал
16.20 «Өмір» телехикаясы
16.50 «Другие» телесериал
19.00 «Яркое пламя» телесериал
20.00 «Astanatimes»
21.00 «Қолымнан ұста» телехикаясы
22.20 «Адасқан сезім» телехикаясы
23.15 «Осман 3» телехикаясы
01.00 «Лакшми» телесериал

6:00 «П@УТINA» бағдарламасы
7:00 «KÖREMIZ-ШОУ» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:00 «НА ПЕРЕКРЕСТКЕ РАДОСТИ И ГОРЯ».
14:15 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMIZ-ШОУ» бағдарламасы
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 «РЕАЛИЗАЦИЯ»
0:30 «УМНОЖАЮЩИЙ ПЕЧАЛЬ»
1:25 «НОВОСТИ»
1:40 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
1:55 «П@УТINA» бағдарламасы
2:40 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
3:05 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы

**КТК**

7:05 "КЕЛ, ШЫРҚАЙЫҚ!" (қайталау)
8:05 "ҚОШТАСҚЫМ КЕЛМЕЙДІ"
10:20 "КАТИНА ЛЮБОВЬ", мелодрама
14:10 "РЕАЛЬНАЯ МИСТИКА"
16:10 "ТАЙНЫ", мелодрама.
18:20 "ДЖЕЛАЛАДДИН.ПОСЛЕДНИЙ ПРАВИТЕЛЬ", турецкий сериал.
19:40 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ", ток-шоу.
20:40 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21:40 "ПИСЬМА НА СТЕКЛЕ", мелодрама.
1:30 "МАРУСЯ", мелодрама
2:20 "ВСКРЫТИЕ ПОКАЖЕТ", остросюжетный детектив
3:10 "ТАЙНЫ", мелодрама (повтор)
4:00 "ҚОШТАСҚЫМ КЕЛМЕЙДІ"
5:30 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ" (қайталау)
6:15 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)

**31**

06:00 «Әзіл студио»
06:30 «31 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
07:00 «TikTok show»
07:30 «Күліп All»
08:00 Мультсериал «Буба»
09:00 «Великий Человек-паук»
09:20 «Айдаһарлар шайқасы»
10:30 «Дети шпионов»
12:00 Т/сериал «Ольга» 41-42 серии
12:50 «Случайный шпион» (повтор)
15:00 «Работорговля» (повтор)
17:10 «Такси»
19:00 Т/сериал «Ольга» 43-44 серии
20:00 Информбюро (рус/каз)
21:00 «Охота на зверя»
22:40 «Айдаһарлар шайқасы»
00:00 «31 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
02:00 Реалити-шоу «Келіндер бәйгесі»
02:40 «Time Vine»
03:00 «TikTok show»
04:20 «1001 Әзіл»
04:30 Телевикторина «BALA BAT
05:20 «Ризамын»

**7**

6:00 Әнұран
6:02 «АНАНДИ». Телехикая
7:00 "Әзіл Әлемі"
8:00 "СЕЗІМ ҮШІН" Телехикая
9:00 "Фактор страха". Реалити шоу
10:00 «Великолепный век. Кёсем».
11:00 "Бесценное время". Телесериал
13:00 "ФАКТОР СТРАХА". Реалити шоу
14:00 "МИЛЛИОНЕРЫ ИЗ ОБЩАГИ"
15:00 "ЧАСТНАЯ ЖИЗНЬ" Телесериал
17:00 «РӘЗИЯ СҰЛТАН». Телехикая
18:20 «РӘЗИЯ СҰЛТАН». Телехикая
19:30 НОВОСТИ. ПРЯМОЙ ЭФИР
20:00 «ВЕЛИКОЛЕПНЫЙ ВЕК. КЁСЕМ».
21:00 "БЕСЦЕННОЕ ВРЕМЯ". Телесериал
22:40 "СУЛТАН РАЗИЯ" Телесериал
0:20 "ТАПТЫМ-АУ СЕНІ" Мега-шоуы
2:40 "Жұлдызды шаңырақта"
3:30 Здоровье с Айнур Тажиной
4:00 Q-елі
4:40 "Тек қана қыздар" Телехикая
5:00 Әйгерім Сейфолланың Сырласуы

**НТК**

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 «Қызық Live» (каз.)
08.00 «Екі езу» (каз.)
08.20 Телехикая «Достық 99» (каз.)
08.45 Телехикая «Қатыгез Ыстамбұл»
09.45 «ВСПЫШ И ЧУДО-МАШИНКИ»
10.10 Шоу «УРАЛЬСКИЕ ПЕЛЬМЕНИ»
11.00 «ОРЕЛ И РЕШКА.ЧУДЕСА СВЕТА»
12.00 «СЕЗІМ БАҒЫ» (каз.)
16.00 Телехикая «Қатыгез Ыстамбұл»
17.10 Телехикая «Жайна» (каз.)
17.40 «РЕВЮ» (каз.)
18.00 «ОРЕЛ И РЕШКА.ЧУДЕСА СВЕТА»
19.00 «ОДНАЖДЫ В РОССИИ»
20.30 «БОЕЦ БЕЗ ПРАВИЛ»
22.10 «ПОБЕГ С ОСТРОВА»
00.10 «Қызық Live» (каз.)
01.10 «Ұ-NIGHT SHOW» (каз.)
02.30 Телехикая «Мезгілсіз сезім»
03.20 «INSTA TV» (каз.)
04.00 – 05.00 «Екі езу» (каз.)

## СЕЙСЕНБІ
### 8 СӘУІР

**QAZAQSTAN**

6:00 ӘНҰРАН
6:05 «КИЕЛІ ҚАЗАҚСТАН»
7:00 «TAŃSHOLPAN».
10:10 «ҚЫЗЫМ». ТЕЛЕХИКАЯ.
12:10 «ТАТУ-ТӘТТІ». РЕАЛИТИ ШОУ.
13:20 «ЕРГЕЖЕЙЛІЛЕР». МУЛЬТФИЛЬМ.
14:00 АҚПАРАТ
14:10 «АҚОРДА»
14:25 «ӘЛЕМ ЖӘНЕ БІЗ»
15:00 «ЫСТЫҚ ҰЯ». ТЕЛЕХИКАЯ.
16:00 «ҚАРА ШАҢЫРАҚ». ТЕЛЕХИКАЯ.
17:00 АҚПАРАТ
17:10 «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». ТЕЛЕХИКАЯ.
18:00 «ҚЫЗЫМ». ТЕЛЕХИКАЯ.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «АШЫҚ АЛАҢ».
21:25 «ЫСТЫҚ ҰЯ». ТЕЛЕХИКАЯ.
22:15 «ЛӘЙЛӘ». ТЕЛЕХИКАЯ.
23:15 «1001 ТҮН».
23:55 ФУТБОЛ. УЕФА ЧЕМПИОНДАР ЛИГАСЫ. 1/4 ФИНАЛ. «БАВАРИЯ» (ГЕРМАНИЯ) - «ИНТЕР» (ИТАЛИЯ)
2:05 АҚПАРАТ
2:40 «АШЫҚ АЛАҢ». ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ТОК-ШОУ.
3:30 «ӘЛЕМ ЖӘНЕ БІЗ»
3:50 «ТАТУ-ТӘТТІ». РЕАЛИТИ ШОУ.

5:00 "ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ"
6:00 ТЕЛЕХИКАЯ. "ПӘЛЕНШЕЕВТЕР 3"
7:00 "ОЯН!"
9:00 "ПРИКЛЮЧЕНИЯ МОЛИ"
9:30 ТЕЛЕСЕРИАЛ. "ЗИМОРОДОК"
11:30 "ТАМАША"
12:00 "КӨЗҚАРАС"
12:30 ТЕЛЕХИКАЯ. "ШАШУ"
13:30 "КҮЗДЕ КЕЛГЕН КӨКТЕМ"
15:00 ТЕЛЕХИКАЯ. "БАХАР"
16:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. "ТРИГГЕР НОВЫЙ"
18:30 ЖАҢАЛЫҚТАР
19:00 ТЕЛЕХИКАЯ. "ШАШУ"
20:00 ТЕЛЕХИКАЯ. "БАХАР"
21:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. "ЗИМОРОДОК"
22:30 ТЕЛЕСЕРИАЛ. "ТРИГГЕР НОВЫЙ"
0:30 ТЕЛЕСЕРИАЛ. "ПЕРЕКРЕСТОК"

**ASTANA TV**

06.00 «Тігінші қыз» телесериал
07.00 «Другие» телесериал
09.00 «Қолымнан ұста» телехикаясы
10.40 «Яркое пламя» телесериал
12.10 «Осман 3» телехикаясы
15.00 «Тігінші қыз» телесериал
16.20 «Өмір» телехикаясы
16.50 «Другие» телесериал
19.00 «Яркое пламя» телесериал
20.00 «Astanatimes»
21.00 «Қолымнан ұста» телехикаясы
22.20 «Адасқан сезім» телехикаясы
23.15 «Осман 3» телехикаясы
01.00 «Лакшми» телесериал

6:00 «П@УТINA» бағдарламасы
7:00 «KÖREMIZ-ШОУ» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:05 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР»
11:00 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!»
11:50 «ПОСЛЕДНЯЯ ЭЛЕКТРИЧКА»
13:00 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ»
14:15 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMIZ-ШОУ» бағдарламасы
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 «РЕАЛИЗАЦИЯ»
0:30 «УМНОЖАЮЩИЙ ПЕЧАЛЬ»
1:55 «П@УТINA» бағдарламасы
2:40 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
3:05 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы

**КТК**

7:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
7:20 "ҚОШТАСҚЫМ КЕЛМЕЙДІ"
9:40 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (повтор)
10:20 "КАТИНА ЛЮБОВЬ", мелодрама
14:20 "РЕАЛЬНАЯ МИСТИКА", реалити-шоу.
16:20 "ТАЙНЫ", мелодрама.
18:20 "ДЖЕЛАЛАДДИН", турецкий сериал.
19:40 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ", ток-шоу.
20:40 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21:40 "ПИСЬМА НА СТЕКЛЕ", мелодрама.
1:25 "МАРУСЯ", мелодрама
2:15 "ВСКРЫТИЕ ПОКАЖЕТ"
3:10 "ТАЙНЫ", мелодрама (повтор)
3:50 "ҚОШТАСҚЫМ КЕЛМЕЙДІ"
5:30 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ" (қайталау)

**31**

06:00 «Әзіл студио» ойын-сауық бағдарламасы
06:30 «31 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
06:50 Информбюро (рус/каз)
08:00 Мультсериал «Буба»
08:30 «Великий Человек-паук»
09:00 «Айдаһарлар шайқасы»
10:10 «Дети шпионов 2»
12:00 Т/сериал «Ольга» 43-44 серии
12:50 «Ограбление по-итальянски»
15:10 «Такси» (повтор)
17:10 «Такси 2»
19:00 Т/сериал «Ольга» 45-46 серии
20:00 Информбюро (рус/каз)
21:00 «Прямой контакт»
22:40 «Айдаһарлар шайқасы»
00:00 «31 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
02:00 Реалити-шоу «Келіндер бәйгесі»
02:40 «Time Vine» ойын-сауық бағдарламасы
03:00 «TikTok show» ойын-сауық бағдарламасы
04:00 «Әзіл студио» ойын-сауық бағдарламасы
04:20 «1001 Әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
04:30 Телевикторина «BALA BATLLE»
05:20 «Ризамын» ойын-сауық бағдарламасы

**7**

6:00 Әнұран
6:02 «АНАНДИ». Телехикая
7:00 "Әзіл Әлемі"
8:00 "СЕЗІМ ҮШІН" Телехикая
9:00 Жаңалықтар
10:00 «Великолепный век. Кёсем».
11:00 "Бесценное время". Телесериал
13:00 "ФАКТОР СТРАХА". Реалити шоу
14:00 "МИЛЛИОНЕРЫ ИЗ ОБЩАГИ" Телесериал (Кыргызстан, 2024 г.)
15:00 "ЧАСТНАЯ ЖИЗНЬ" Телесериал
17:00 «РӘЗИЯ СҰЛТАН». Телехикая
18:00 ЖАҢАЛЫҚТАР. ТІКЕЛЕЙ ЭФИР
18:20 «РӘЗИЯ СҰЛТАН». Телехикая
19:30 НОВОСТИ. ПРЯМОЙ ЭФИР
20:00 «ВЕЛИКОЛЕПНЫЙ ВЕК. КЁСЕМ».
21:00 "БЕСЦЕННОЕ ВРЕМЯ". Телесериал
22:40 "СУЛТАН РАЗИЯ" Телесериал
0:20 "ТАПТЫМ-АУ СЕНІ" Мега-шоуы
1:50 Жаңалықтар
2:40 "Жұлдызды шаңырақта"
3:30 Здоровье с Айнур Тажиной
4:00 Q-елі
4:40 "Тек қана қыздар" Телехикая
5:00 Әйгерім Сейфолланың Сырласуы

**НТК**

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 «Қызық Live» (каз.)
08.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»
08.20 Телехикая «Достық 99» (каз.)
08.45 Телехикая «Қатыгез Ыстамбұл»
09.45 «ВСПЫШ И ЧУДО-МАШИНКИ» (мультсериал)
10.10 Шоу «УРАЛЬСКИЕ ПЕЛЬМЕНИ»
11.00 «ОРЕЛ И РЕШКА.ЧУДЕСА СВЕТА»
12.00 «СЕЗІМ БАҒЫ» (каз.)
16.00 Телехикая «Қатыгез Ыстамбұл» (каз. Туркия)
17.10 Телехикая «Жайна» (каз.)
17.40 «РЕВЮ» (каз.)
18.00 «ОРЕЛ И РЕШКА.ЧУДЕСА СВЕТА»
19.00 «ОДНАЖДЫ В РОССИИ»
20.30 «ИЩЕЙКА» (боевик, Дольф Лундгрен)
22.10 «ДОВЕРИЕ» (криминальный триллер)
00.20 «Қызық Live» (каз.)
01.20 «Ұ-NIGHT SHOW» (каз.)
02.40 Телехикая «Мезгілсіз сезім» (каз. Туркия)
03.30 «INSTA TV» (каз.)
04.10 – 05.00 «Екі езу» (каз.)

## СӘРСЕНБІ
### 9 СӘУІР

**QAZAQSTAN**

6:00 ӘНҰРАН
6:05 «КИЕЛІ ҚАЗАҚСТАН»
6:30 АҚПАРАТ
7:00 «TAŃSHOLPAN».
10:10 «ҚЫЗЫМ». ТЕЛЕХИКАЯ.
12:10 «ТАТУ-ТӘТТІ». РЕАЛИТИ ШОУ.
13:20 «ЕРГЕЖЕЙЛІЛЕР». МУЛЬТФИЛЬМ.
14:00 АҚПАРАТ
14:10 «ҚОС ПАЛАТА»
14:30 «ЕҢБЕК АДАМЫ». АРНАЙЫ ЖОБА
15:00 «ЫСТЫҚ ҰЯ». ТЕЛЕХИКАЯ.
16:00 «ҚАРА ШАҢЫРАҚ». ТЕЛЕХИКАЯ.
17:00 АҚПАРАТ
17:10 «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». ТЕЛЕХИКАЯ.
18:00 «ҚЫЗЫМ». ТЕЛЕХИКАЯ.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «АШЫҚ АЛАҢ».
21:25 «ЫСТЫҚ ҰЯ». ТЕЛЕХИКАЯ.
22:15 «ЛӘЙЛӘ». ТЕЛЕХИКАЯ.
23:15 «1001 ТҮН».
23:55 ФУТБОЛ.
2:40 «АШЫҚ АЛАҢ».
3:30 «ТАТУ-ТӘТТІ». РЕАЛИТИ ШОУ.
4:30 «ЕҢБЕК АДАМЫ». АРНАЙЫ ЖОБА

5:00 "ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ"
6:00 "ПӘЛЕНШЕЕВТЕР 3"
7:00 "ОЯН!"
9:00 "ПРИКЛЮЧЕНИЯ МОЛИ"
9:30 ТЕЛЕСЕРИАЛ. "ЗИМОРОДОК"
11:30 "ТАМАША"
12:00 "ПРЕЗИДЕНТСКИЙ РЕЗЕРВ"
12:30 ТЕЛЕХИКАЯ. "ШАШУ"
13:30 "КҮЗДЕ КЕЛГЕН КӨКТЕМ"
15:00 ТЕЛЕХИКАЯ. "БАХАР"
16:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. "ТРИГГЕР НОВЫЙ"
18:30 ЖАҢАЛЫҚТАР
19:00 ТЕЛЕХИКАЯ. "ШАШУ"
20:00 ТЕЛЕХИКАЯ. "БАХАР"
21:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. "ЗИМОРОДОК"
22:30 ТЕЛЕСЕРИАЛ. "ТРИГГЕР НОВЫЙ"
0:30 ТЕЛЕСЕРИАЛ. "ПЕРЕКРЕСТОК"

**ASTANA TV**

06.00 «ТІГІНШІ ҚЫЗ» ТЕЛЕСЕРИАЛ
07.00 «ДРУГИЕ» ТЕЛЕСЕРИАЛ
09.00 «ҚОЛЫМНАН ҰСТА»
10.40 «ЯРКОЕ ПЛАМЯ» ТЕЛЕСЕРИАЛ
12.10 «ОСМАН 3» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
15.00 «ТІГІНШІ ҚЫЗ» ТЕЛЕСЕРИАЛ
16.20 «ӨМІР» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
16.50 «ДРУГИЕ» ТЕЛЕСЕРИАЛ
19.00 «ЯРКОЕ ПЛАМЯ» ТЕЛЕСЕРИАЛ
20.00 «ASTANATIMES»
21.00 «ҚОЛЫМНАН ҰСТА»
22.20 «АДАСҚАН СЕЗІМ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
23.15 «ОСМАН 3» ТЕЛЕХИКАЯСЫ
01.00 «ЛАКШМИ» ТЕЛЕСЕРИАЛ

6:00 «П@УТINA» БАҒДАРЛАМАСЫ
7:00 «KÖREMIZ-ШОУ» БАҒДАРЛАМАСЫ
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:05 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР»
11:00 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ!»
11:50 «ПОСЛЕДНЯЯ ЭЛЕКТРИЧКА»
13:00 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ»
14:30 «QOSLIKE» БАҒДАРЛАМАСЫ
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMIZ-ШОУ» БАҒДАРЛАМАСЫ
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 «РЕАЛИЗАЦИЯ 2»
0:30 «УМНОЖАЮЩИЙ ПЕЧАЛЬ»
1:55 «П@УТINA» БАҒДАРЛАМАСЫ
3:05 «ТОЙ БАЗАР» БАҒДАРЛАМАСЫ

**КТК**

7:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
7:20 "ҚОШТАСҚЫМ КЕЛМЕЙДІ"
9:40 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (ПОВТОР)
10:20 "КАТИНА ЛЮБОВЬ", МЕЛОДРАМА
14:20 "РЕАЛЬНАЯ МИСТИКА"
16:20 "ТАЙНЫ", МЕЛОДРАМА.
18:20 "ДЖЕЛАЛАДДИН"
19:40 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ", ТОК-ШОУ.
20:40 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21:40 "ПИСЬМА НА СТЕКЛЕ"
1:30 "МАРУСЯ", МЕЛОДРАМА
2:20 "ВСКРЫТИЕ ПОКАЖЕТ"
3:10 "ТАЙНЫ", МЕЛОДРАМА (ПОВТОР)
3:50 "ҚОШТАСҚЫМ КЕЛМЕЙДІ"
5:30 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ" (ҚАЙТАЛАУ)
6:15 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР

**31**

06:00 «ӘЗІЛ СТУДИО» ОЙЫН-САУЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ
06:30 «31 ӘЗІЛ» ОЙЫН-САУЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ
06:50 ИНФОРМБЮРО (РУС/КАЗ)
08:00 МУЛЬТСЕРИАЛ «БУБА»
09:00 «ВЕЛИКИЙ ЧЕЛОВЕК-ПАУК»
09:20 «АЙДАҺАРЛАР ШАЙҚАСЫ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ. 23 БӨЛІМ
10:30 «ДЕТИ ШПИОНОВ 3»
12:00 «TIKTOK SHOW»
12:30 Т/СЕРИАЛ «ОЛЬГА» 45-46 СЕРИИ
13:20 «ОХОТА НА ЗВЕРЯ» (ПОВТОР)
15:10 «ТАКСИ 2» (ПОВТОР)
17:10 «ТАКСИ 3»
19:00 Т/СЕРИАЛ «ОЛЬГА» 47-48 СЕРИИ
20:00 ИНФОРМБЮРО (РУС/КАЗ)
21:00 «ХЕЛЛБОЙ: ГЕРОЙ ИЗ ПЕКЛА»
23:10 «АЙДАҺАРЛАР ШАЙҚАСЫ»
00:30 «31 ӘЗІЛ» ОЙЫН-САУЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ
02:00 РЕАЛИТИ-ШОУ «КЕЛІНДЕР БӘЙГЕСІ»
02:40 «TIME VINE» ОЙЫН-САУЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ
03:00 «TIKTOK SHOW» ОЙЫН-САУЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ
04:00 «ӘЗІЛ СТУДИО» ОЙЫН-САУЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ
04:20 «1001 ӘЗІЛ» ОЙЫН-САУЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ
04:30 ТЕЛЕВИКТОРИНА «BALA BATLLE»
05:20 «РИЗАМЫН» ОЙЫН-САУЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ

**7**

6:00 Әнұран
6:02 «АНАНДИ». Телехикая
7:00 "Әзіл Әлемі"
8:00 "СЕЗІМ ҮШІН" Телехикая
9:00 Жаңалықтар
10:00 «Великолепный век. Кёсем».
11:00 "Бесценное время". Телесериал
13:00 "ФАКТОР СТРАХА". Реалити шоу
14:00 "МИЛЛИОНЕРЫ ИЗ ОБЩАГИ"
15:00 "ЧАСТНАЯ ЖИЗНЬ" Телесериал
17:00 «РӘЗИЯ СҰЛТАН». Телехикая
18:00 ЖАҢАЛЫҚТАР. ТІКЕЛЕЙ ЭФИР
18:20 «РӘЗИЯ СҰЛТАН». Телехикая
19:30 НОВОСТИ. ПРЯМОЙ ЭФИР
20:00 «ВЕЛИКОЛЕПНЫЙ ВЕК. КЁСЕМ».
21:00 "БЕСЦЕННОЕ ВРЕМЯ". Телесериал
22:40 "СУЛТАН РАЗИЯ" Телесериал
0:20 "ТАПТЫМ-АУ СЕНІ" Мега-шоуы
2:40 "Жұлдызды шаңырақта"
3:30 Здоровье с Айнур Тажиной
4:00 Q-елі
4:40 "Тек қана қыздар" Телехикая
5:00 Әйгерім Сейфолланың Сырласуы

**НТК**

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 «Қызық Live» (каз.)
08.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»
08.20 Телехикая «Достық 99» (каз.)
08.45 Телехикая «Қатыгез Ыстамбұл»
09.45 «ВСПЫШ И ЧУДО-МАШИНКИ»
10.10 Шоу «УРАЛЬСКИЕ ПЕЛЬМЕНИ»
11.00 «ОРЕЛ И РЕШКА.ЧУДЕСА СВЕТА»
12.00 «СЕЗІМ БАҒЫ» (каз.)
16.00 Телехикая «Қатыгез Ыстамбұл»
17.10 Телехикая «Жайна» (каз.)
17.40 «РЕВЮ» (каз.)
18.00 «ОРЕЛ И РЕШКА.ЧУДЕСА СВЕТА»
19.00 «ОДНАЖДЫ В РОССИИ»
19.20 Сериал «ПАТРУЛЬ»
20.30 «ВЗРЫВ» (детективная драма)
22.30 «НА ГРАНИ ЖИЗНИ»
00.30 «Қызық Live» (каз.)
01.20 «Ұ-NIGHT SHOW» (каз.)
02.40 Телехикая «Мезгілсіз сезім»
03.30 «INSTA TV» (каз.)
04.00 – 05.00 «Екі езу» (каз.)

## БЕЙСЕНБІ
### 10 СӘУІР

**QAZAQSTAN**

6:00 ӘНҰРАН
6:05 АҚПАРАТ
6:35 ФУТБОЛ.
7:00 «TAŃSHOLPAN».
10:00 АҚПАРАТ
10:10 «ҚЫЗЫМ». ТЕЛЕХИКАЯ.
12:10 «ТАТУ-ТӘТТІ».
13:20 «ЕРГЕЖЕЙЛІЛЕР». МУЛЬТФИЛЬМ.
14:00 АҚПАРАТ
14:10 «КӨПЕС ҚОСШЫҒҰЛОВ».
14:40 «PIZA». АРНАЙЫ ЖОБА.
15:00 «ЫСТЫҚ ҰЯ». ТЕЛЕХИКАЯ.
16:00 «ҚАРА ШАҢЫРАҚ». ТЕЛЕХИКАЯ.
17:00 АҚПАРАТ
17:10 «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». ТЕЛЕХИКАЯ.
18:00 «ҚЫЗЫМ». ТЕЛЕХИКАЯ.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «АШЫҚ АЛАҢ».
21:25 «ЫСТЫҚ ҰЯ». ТЕЛЕХИКАЯ.
22:15 «ЛӘЙЛӘ». ТЕЛЕХИКАЯ.
23:15 «1001 ТҮН».
23:55 ФУТБОЛ. УЕФА ЕУРОПА ЛИГАСЫ.
2:05 АҚПАРАТ
2:40 «АШЫҚ АЛАҢ». ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ТОК-ШОУ.
3:30 «ТАТУ-ТӘТТІ». РЕАЛИТИ ШОУ.

5:00 "Дүлдүлдер дүбірі"
6:00 Телехикая. "Пәленшеевтер 3"
7:00 "Оян!"
9:00 "Приключения Моли"
9:30 Телесериал. "Зимородок"
11:30 "Тамаша"
12:00 "Көзқарас"
12:30 Телехикая. "Шашу"
13:30 Телехикая. "Күзде келген көктем"
15:00 Телехикая. "Бахар"
16:00 Телесериал. "Отравленная жизнь"
18:00 Новости
18:30 Жаңалықтар
19:00 Телехикая. "Шашу"
20:00 Телехикая. "Бахар"
21:00 Телесериал. "Зимородок"
22:30 Телесериал. "Отравленная жизнь"
0:30 Телесериал. "Перекресток"

**ASTANA TV**

06.00 «Тігінші қыз» телесериал
07.00 «Другие» телесериал
09.00 «Қолымнан ұста» телехикаясы
10.40 «Яркое пламя» телесериал
12.10 «Осман 3» телехикаясы
15.00 «Тігінші қыз» телесериал
16.20 «Өмір» телехикаясы
16.50 «Другие» телесериал
19.00 «Яркое пламя» телесериал
20.00 «Astanatimes»
21.00 «Қолымнан ұста» телехикаясы
22.20 «Адасқан сезім» телехикаясы
23.15 «Осман 3» телехикаясы
01.00 «Лакшми» телесериал

# АИТВ ЖҰҚПАСЫ ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

АИТВ – адамның ағзасын түрлі инфекциядан қорғайтын иммундық жүйені зақымдайтын инфекция. АИТВ жұқтырған адамдарды АИТВ-мен өмір сүрушілер деп атайды. АИТВ инфекциясы иммундық жүйенің СД4 клеткаларын зақымдайды. АИТВ инфекциясы асқынған жағдайда ЖИТС-ке әкеліп соқтырады.

ЖИТС (СПИД) – жұқтырылған иммундық тапшылық синдромы. Бұл кезеңде науқаста оппортунистік аурулардың бой көтеруіне ағза қолайлы болады. Яғни туберкулез, онкологиялық аурулар, пневмония ауруларына шалдығу деңгейі жоғарылайды.

АИТВ инфекциясының қоздырғышының жұқтыру қаупі жоғары адам ағзасының биологиялық сұйықтықтарына қан, әйелдің қынап сұйықтығы, ерлердің шәуеті, ананың сүті жатады. Сондықтан да АИТВ-ның негізгі үш жұғу жолдары анықталған:

- қан және оның компоненттері арқылы;
- қорғалмаған жыныстық жол арқылы;
- анадан балаға берілу жолы арқылы жұғады.

Қан арқылы АИТВ-ға тексерілмеген адамның қанын құйған жағдайда немесе инъекциялық есірткі тұтынушылар бір шприцті бірнеше адам пайдаланғанда жұғады. Егер адам бір емес, бірнеше адаммен жыныстық қатынасына түскен кезде жұқтыруы мүмкін. Сондықтан адамның бір ғана жыныстық серіктесі болу керек. Егер әйел жүктілік кезінде АИТВ жұқтырса, онда босану кезінде балаға АИТВ жұғады. АИТВ-ға шалдыққан адамды түр келбетіне қарап АИТВ жұқтырған деп айта алмаймыз. АИТВ инфекциясы жас талғамайды, ұлт, нәсіл, жыныс талғамайды, кез келген адам шалдығуы мүмкін. АИТВ инфекциясы тұмау тәрізді ауа тамшылы жолмен жұқпайды, тек қана жоғарыдағы биологиялық сұйықтықтар арқылы жұғады. АИТВ инфекциясы төмендегі жағдайларда жұқпайды: сүйіскенде, қол алысқанда, тамақтанғанда, төсек жабындылары арқылы, суға түскенде жұқпайды.

**– АИТВ-ны қалай анықтауға болады?**

– Адамның түр-түсіне, келбетіне қарап АИТВ жұқтырған деп айта алмайды. АИТВ-ны анықтаудың негізгі әдісі – ИФА әдісі арқылы қандағы қоздырғышқа қарсы денелерді анықтау. Қарсы дене дегеніміз – ол организмдегі қоздырғышқа қарсы жауап ретінде пайда болатын белоктар. Егер тестілеу қорытындысы оң нәтиже берсе, онда адам қанында қоздырғышқа қарсы денелер бар дегенді білдіреді, яғни АИТВ жұқтырған болып есептеледі.

**– Адамдардың АИТВ тексерту не үшін қажет?**

- Түрлі жұқпалардың алдын алып дер кезінде емдеу үшін.
- АИТВ жұқтырған жағдайда аурудың дамуын бәсеңдететін вирусқа қарсы препараттарды дер кезінде қолдану үшін.
- өзіне жақын адамдарына, туыстарына, дос-жарандарына жұқтырмау үшін.
- АИТВ жұқтырған анадан балаға жүктілік, босану, емізу кезінде алдын алу үшін.

Жыныстық жолмен берілетін аурулардың өсуіне, сондай-ақ жүктілік кезінде АИТВ жұқтыру жағдайларының өсуіне байланысты 2021 жылғы қаңтардан бастап ҚР ДСМ бұйрығымен жүкті әйелдердің жыныстық серіктестері (күйеулері) АИТВ-ға тестілеуден өтуі тиіс деп бекітілді. Әркім өзінің АИТВ мәртебесін білуге құқылы.

**АИТВ-ға тестілеу қызметін мына мекенжай бойынша алуға болады:**

Астана қаласы әкімдігінің АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығында, Достық кабинетінде, сенім пунктте, Есенберлин көшесі, 5/1, тел: 8 (7172) 38-07-02; 38-04-64, яғни Брусиловский көшесі, 4, тел: 8 (7172) 42-80-92.

Ақпаратты сайттан алуға болады: www.kazaids.kz

**А.ЖАМАНОВА,
Астана қ. «АИТВ инфекциясының алдын алу орталығының» профилактикалық бөлімінің дәрігер-эпидемиологы**





# «ӘЛҚИССА – НҰРҒИСА» ӘЛЕУМЕТТІ ТАМСАНДЫРДЫ

Даңқты композитор әрі дирижер Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдығына орай Астанада «Әлқисса – Нұрғиса» атты мерейтойлық концерт өтті. Ғасырлар көрінісін сипаттайтын әндер мен күйлер, халық аспаптар оркестрі мен симфониялық оркестрі, сондай-ақ хор капелласының бірлескен коллаборациясы көрерменді бейжай қалдырмады.

**Райхан РАХМЕТОВА**

Дирижердің мерейтойына арналған концертке Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері – Светлана Айтбаева, Азамат Жылтыркөзов, Жұбаныш Жексенұлы, Нұржан Жанпейісов, халықаралық және республикалық байқаулардың лауреаттары – Феруза Рахметова, Артур Ғабдиев, Расул Жармағамбет, Нұрғалым Аманбай, Фархад Көбеев, Назерке Өмірбаева, композитордың жиен немересі – Даяна Тілендиева, Қазыбек Құрайыш, Н.Тілендиев атындағы мемлекеттік академиялық, фольклорлы-этнографиялық «Отырар сазы» оркестрі, Е.Рахмадиев атындағы мемлекеттік академиялық филармониясының симфониялық оркестрі және Б.Байқадамов атындағы Мемлекеттік хор капелласы қатысты. Композитордың 20-ға жуық күйлері мен әндерін орындаған «Отырар сазы» оркестріне оның бас дирижері және көркемдік жетекшісі, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері Дінзухра Тілендиева Нұрғисақызы дирижерлік етті. Сонымен қатар екінші дирижер ретінде Қазақстанның Еңбек сіңірген әртісі, «Құрмет» орденінің иегері, профессор Жалғасбек Бегіндіков өнер көрсетті. Оркестр концертті композитордың «Ата толғауы» күйімен бастады. Одан әрі талант иесінің қазақтың белгілі ақындарының сөзіне жазған «Жан сәулем», «Абай табиғаты», «Есіңе мені алғайсың», «Өз елім», «Қарлығаштар», «Куә бол», «Дариға, домбырамды берші маған!», «Әкеме», «Әжеме», «Жүрегім менің», «Ақ құсым», «Алатау» әндері орындалды.

Ғасырда бір туатын талант иесі қазақ халқының өнерін әлемдік деңгейге көтерді. Ал өзі кеткен соң оның мерейтойы ЮНЕСКО-ның 42-бас конференциясының шешімімен халықаралық мерекелік іс-шаралар тізіміне еніп, әлемдік ауқымда атап өтілуде. Бұл концерт – осы мерейтойдың ресми бастамасы, беташары болды. Бүкіл саналы ғұмырын өнерге арнаған Н.Тілендиев 500-ден астам музыкалық еңбектерін қалдырса, оның ішінде әндер мен күйлерден басқа балет, пьеса, опера, фильмдерге жазылған музыкалар мен увертюралар, элегиялар мен поэмалар, кантаталар бар. Ол еліміздің Алтын қорына енген 20-дан астам кинотуындыға музыка жазған. Композитордың елге танымал «Махамбет», «Әлқисса», «Ұлы той», «Аққу» күйлері осы кеште орындалып, концерт соңы көпшіліктің бірге орындауымен «Құстар қайтып барады» әнімен аяқталды. ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен өткен концертке Президент атынан Ықылас гүлі тарту етілді.

# ХАЛЫҚ ХОРЕОГРАФИЯСЫНЫҢ ТАҢҒАЖАЙЫП ҮЛГІСІ

«Астана Балет» театрында «Жастар биі» хореографиялық миниатюрасының премьерасы мен «Ұлы дала мұрасы» концерттік бағдарламасы ұсынылды.

Әбдірасул Есекеевтің «Жастар биі» миниатюрасының премьерасы халық және классикалық хореографияның таңғажайып синтезін паш етті. Ал Ержан Токсабановтың музыкасы миниатюраны органикалық түрде толықтырып, ажарын аша түсті. Бұл миниатюра ел ішінде ғана емес, одан тыс жерлерде де кең танылып, көрермен көзайымына айналған «Ұлы дала мұрасы» дивертисментінің құрамына енді. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Айгүл Татидің және еліміздің басқа да көрнекті балетмейстерлерінің қойылымдары көрермен қауымды байтақ дала, тылсым табиғат, қазақ халқының тарихы мен дәстүрін бейнелеген халық хореографиясының таңғажайып әлеміне елітіп әкетеді. Хореограф этнография элементтерін қазіргі заманғы батыл балетмейстерлік шешімдермен толықтыра отырып, дәстүрлі қазақ ою-өрнектерін еске түсіретін пластикалық өрнек жасайды алды.












# ҚҰРМЕТТІ ТІЛШІНІҢ БЕС КІТАБЫ

Кеше Астана қаласы Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының Есіл аудандық филиалында қалалық Ардагерлер кеңесінің «Кітап» акциясы басталды.

**Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

Соның аясында ардагер ұстаз, білім беру саласының үздігі, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, «Құрмет» орденінің иегері Еркін Дәуешұлының «Ауылымды сағындым», «Бір ғасыр», «Жаны жайсаң Жайық аға», «Қаламмен өрілген жылдар» және «Азаматтарымен ажарлы Аққөлім» кітаптарының тұсаукесері өтті.



Іс-шараны елорданың Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының Есіл аудандық филиалының жетекшісі Жанар Есенаманова ашып, акцияның мақсатына тоқталды. «Көтеретін жүгіңнің ең ауыры білім мен кітап болсын» ұранын ұстанған акция кітап оқу, кітапты насихаттау мен дәріптеу мақсатында қолға алынды. Тұсаукесерді жүргізген Астана қаласы Ардагерлер кеңесінің медиатоп мүшесі, журналистика ардагері Қарлығаш Құспан аға буынның өмірінде кітаптың алатын үлкен орны туралы айтып, оның тәрбиелік мәні жайында әңгіме өрбітті. Тұсауы кесілген кітаптардың авторын таныстырды.

Еркін Дәуешұлының негізгі мамандығы – физика-математика пәндерінің мұғалімі. Жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін туған еліне оралып, директордың оқу-өндірістік мәселелері жөніндегі орынбасары, мектеп директоры болып еңбек етті. Аққөл аудандық Білім бөлімінің басшысы, Сілеті аудандық партия комитетінің идеология бөлімінің меңгерушісі болды. Астанаға көшіп келгеннен кейін «Шарапат» әлеуметтік қызмет көрсету орталығында қызмет істеді.

Оның қаламмен достасқанына көп жылдың жүзі болды. Ақмола облыстық «Арқа ажары», өзіміздің «Астана ақшамы» газетінің тұрақты авторы. Басылымымыздың құрметті тілшісі деген атағы да бар. Негізінен, қоғамдағы өзекті мәселелер жөнінде, тұғырлы тұлғалар жайында жазады.

Тұсаукесерде Астана қаласы Ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Мұрат Іргебаев, қалалық Ардагерлер кеңесі медиатобының жетекшісі Амангелді Әшіров, елорданың орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің кітапханашысы, мәдениет саласының үздігі Сағыныш Сейдахметова, К.Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің бөлім меңгерушісі Аида Аймақова, Астана қаласы Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының директоры Мұхтар Еркетаев ізгі лебіздерін жеткізді. Есіл ауданы әкімдігінің бөлім меңгерушісі Назгүл Жұмабекқызы аудан әкімі Дәрменияр Қыдырбек-ұлының атынан авторға сый-сыяпат көрсетті. Автор Еркін Дәуешұлы қаламмен қалай достасқанын әңгімелеп, әр кітаптың жазылу тарихына, мазмұнына тоқталды. Соның ішінде оның белгілі қаламгер, саяси-қуғын құрбаны, Аққөл ауданының тумасы Жайық Бектұров тұлғасының туған елге танылуында, сол елдің перзенті, Кеңес Одағының Батыры, Қазақстанның тұңғыш Қорғаныс министрі, армия генералы Сағадат Нұрмағамбетов есімінің насихатталып, оған қатысты бірқатар игілікті істердің жүзеге асуына қосқан үлесі мол.

Іс-шара К.Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті студенттерінің концертімен жалғасты. Әсем әндер әуелеп, Қазақстан Ардагерлер ұйымы Орталық кеңесі төрағасының орынбасары, ақынжанды азамат Көпболсын Бекмағамбеттің өлеңіне жазылған белгілі композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Кентау Назарбектің «Ардагерлер маршы» әнінің тұсауы кесілді.

www.astana-akshamy.kz
**Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.**

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300
**Тапсырыс №38**
Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

**Редакция мекенжайы:**
010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

**Қабылдау бөлмесі:**
тел./факс: +7 (7172) 42-43-81
Тілшілер бөлімі: 42-41-03
Жарнама: 42-43-52
Va-reklama@mail.ru

**aqsham1990@mail.ru**

Кезекші редактор – **Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ**